

ЎЗДИК ТАРБИЕСИ

Республикалық ақпараттық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналы

ҰРПАҚТЫҢ, ТӘРБИЕСІ
– ҰСТАЗДЫҢ,
ҚОЛЫНДА

Меңгеруші

МКҚК №40
«Нұрлан» бөбекжай-
бақшасы

Шымкент қаласы



Карибозова Тульмира
Абрамановна



ÚZDIK TÁRBIESHI

Республикалық ақпараттық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналы

«ÚZDIK TÁRBIESHI» республикалық ақпараттық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналының №09(59) (2025 ж. Қыркүйек) шығарылымы.

Выпуск №09(59) (Сентябрь 2025 г.) республиканского информационного педагогического научно-методического журнала «ÚZDIK TÁRBIESHI».

ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒЫТЫ: оқу-әдістемелік ізденістер, ғылыми-тәжірибелік материалдар, инновациялық педагогика және цифрлық технологиялар, тәрбие мен оқытудағы ұлттық құндылықтар, тәрбиеші шеберлігі мен кәсіби даму, психологиялық-педагогикалық қолдау, ақпараттық-сараптамалық материалдар бойынша материалдар жариялау.

ТЕМАТИЧЕСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ: публикация материалов по учебно-методическим изысканиям, научно-практическим материалам, инновационной педагогике и цифровым технологиям, национальным ценностям в воспитании и обучении, профессиональному развитию и мастерству воспитателя, психолого-педагогическому сопровождению, информационно-экспертным материалам.

«ÚZDIK TÁRBIESHI» Республикалық ақпараттық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналы Астана қаласында Қазақстан Республикасының Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті 2023 жылғы 12 маусымдағы Мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қоюы туралы куәлігі № KZ92VPY00071802 берілген.

Таралу аумағы: Қазақстан аумағында.

«ÚZDIK TÁRBIESHI» журналы айына 4 рет жарық көреді.

Республиканский информационный педагогический научно-методический журнал «ÚZDIK TÁRBIESHI» в городе Астана комитетом информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан выдано свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания от 12.06.2023 года № KZ92VPY00071802.

Территория распространения: На территории Казахстана.

Журнал "ÚZDIK TÁRBIESHI" выходит 4 раз в месяц.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ / РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Бас редактор: /Главный редактор: Баянды Ерлан

Дүйсенбекова Б.Н. – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қарағанды медицина университеті

Дүзбаева Н.М. – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Каскарбаева Б.Б. – педагог-шебер

Қасқабаяева Ф.С. – педагог-шебер

Есенова Ш.Б. – педагог-зерттеуші

Иманбек Ә.О. – жаратылыстану ғылымдарының магистрі

Алшынов А.Ә. – жаратылыстану ғылымдарының магистрі

Корректор / корректор: Кәкіш Мерей Ертайқызы

Жауапты хатшы / ответственный секретарь: Есбергенов Айдын Ардақұлы



«ÚZDIK TÁRBIESHI» ақпараттық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналының авторларға арналған ережелерімен QR-кодты сканерлеу арқылы таныса аласыз.

С правилами для авторов информационного педагогического научно-методического журнала «ÚZDIK TÁRBIESHI» вы можете ознакомиться, отсканировав QR-код.

Карибозова Г.А. Ұрпақтың тәрбиесі – ұстаздың қолында	5
Күнболатова М.К. Серуеннің бала өміріндегі маңызы.....	7
Исакулова Е.Т. Мектепке дейінгі балалардың тілін дамыту бойынша ұсыныстар	9
Амирова Ж.М. Мектепке дейінгі жастағы баланың жеке тұлғасының қалыптасуына отбасының әсері	12
Абдиева С.Е. Мамандықтармен танысайық	13
Арисланова Л.А. Игры-экспериментирования и их влияние на развитие познавательной активности дошкольников	15
Багиярова К.К. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамытудың тиімді әдістері	18
Досханова С.Е. Ойын технологиясы – қарым-қатынас дағдысын қалыптастыру құралы.....	23
Жазықбаева Г.М. «Овощи и фрукты».....	25
Орманова З.Н. «Дыбыстар әлемі».....	28
Камбарова Г.Н. «Қызықты математика».....	30
Ажибаева А.Б. Ойын технологияларын қолдануға арналған ұйымдастырылған іс-әрекет үлгілері	31
Кадырова В.Р. Музыка и ритм как средство развития дошкольников в условиях детского сада.....	34
Нуржанбаева У.О. «Ақ мамам».....	36
Каленова Ж.Н. Аңдар.....	39
Мусакова А.К. Мектеп жасына дейінгі балалардың ұсақ қол моторикасын және шығармалық қабілетін дамыту.....	41
Тулеева Б.Б. Жаңа жылдық телефон.....	45
Жакенова Ж.Б. Ойын ортасын ұйымдастыру.....	48
Исмайлова М.А. «Күзгі баққа саяхат».....	51
Пантюхина Е.Н. "Профессии"	53
Жазықбаева Ж.А. Құстар	55
Отенбаева Л.И. «Аналар мектебі» балабақшада	58
Касенова Н.Ж. «Птицы наши друзья»	61
Сейітмұрат Қ.Ә. Ойыншық арқылы баланың тәуелсіз іс-әрекетін қалыптастыру	63
Утекулова А.Е. Сурет салу - мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту құралы ретінде	66
Мусаева А.Ж. Баланы қырқынан шығару.....	69
Каймова А.Қ. Насекомые	71
Ултараква Н.З. Біз не үйрендік?	74

Шымкент қаласы білім басқармасының
«№40 «Нұрлан» бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ұжымы



Тәрбиеші – ел болашағын қалыптастыратын тұлға

«Ұстаз болу – жүректің батырлығы» дейді халық даналығы. Ал тәрбиеші – сол ұстаздықтың бастауында тұрған, бала тәрбиесінің алғашқы баспалдағын қалыптастыратын тұлға. Баланың жан дүниесіне жылулық пен мейірім ұялатып, оның шығармашылығы мен қабілетін ашатын – дәл осы тәрбиешінің еңбегі.

«№ 40 «Нұрлан» бөбекжай-бақшасы» – мектепке дейінгі білім беру саласында қызмет етіп келе жатқан, беделі биік ұйым. Меңгерушісі – **Карибозова Гульмира Абдрамановна**. Бұл ұжым 2022 жылы қала көлеміндегі «Әке – асқар тауым» байқауында **I орын** иеленіп, ата-аналар мен баланың бірлескен тәрбиелік тәжірибесін дамытудың үздік үлгісін көрсетті.

«Ұлағатты тәрбиеші – ұлт тірегі». Сондықтан да әрбір тәрбиеші – бала болашағы үшін елеусіз емес, ерекше еңбек етіп жүрген жан.

Қарибозова Гульмира Абдрамановна
 Меңгеруші
 МКҚК №40 «Нұрлан» бөбекжай-бақшасы
 Шымкент қаласы



ҰРПАҚТЫҢ ТӘРБИЕСІ – ҰСТАЗДЫҢ ҚОЛЫНДА

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу – аса жауапты әрі күрделі міндет» - деп айтқандай, ұрпақты құстың балапанына теңесек, Білім мен Тәрбие – оның қос қанаты. Егер екі қанаттың біреуі дұрыс жетілмесе, болашақта оның көкте еркін самғауы екіталай. «Ұрпағымыз – біздің болашағымыз!».

«Ұлттың болашағы – ұрпағында болса, ұрпақтың тәрбиесі – ұстаз қолында»

Тәрбие тал бесіктен басталса, тәрбиенің алғашқы қадамдары балабақшадан басталады. Бала тәрбиесінде өте жақсы жетістіктерге жету үшін ата-анамен тығыз жұмыс жасауымыз керек. Баланың бойына ұлттық құндылықтарды сіндіру, сол құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізу. Бала өзінің елін, жерін, ұлттық құндылықтарын бағалай білу керек, мақтан тұту керек. Осының барлығы балабақшадан басталады.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлыда ұлттың тәрбиесіне, ұлттық құндылықтарға аса көп көңіл бөлуде, осы орайда ҚР Оқу-ағарту министрлігі «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын қабылдады. Бағдарлама балабақшадан бастап мектеп пен колледжге дейінгі білім беру ұйымдарында жүйелі тәрбие жұмысын жүргізуге бағытталған. Оның басты мақсаты – жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды дарытып, патриоттық рухты қалыптастыру, әділдік пен еңбекке баулу.

Мағжан Жұмабаев «Педагогика» еңбегінде: «Әрбір тәрбиеші баланы ұлт дәстүрімен тәрбиелеуге міндетті» дейді. Ұлттық құндылыққа қанығып өскен өреннің танымы терең, ділі берік болады. Ұлттық құндылықтармен Қазақстан болашағы – білімді де тәрбиелі ұрпақ.

Балабақшада ұлттық құндылықтарымызды балаларға ертегілер, ойындар арқылы дәріптейміз. Ертегілер арқылы балаларды адалдыққа, достыққа, еңбекке, махаббатқа, отансүйгіштікке тәрбиелейміз. Ойындар, ырымдар, салт-дәстүрлер арқылы мектепке жасына дейінгі дені сау, тәрбиелі, өнерлі, әділ, адал, ізденімпаз, көпшіл, сыни ойлайтын, ұлтжанды, жан-жақты дамыған, зерек балаларды қалыптастырып, тәрбиелейміз.

Бөбекжай-бақшамызға «Бестемше», «Бес кеней» ойындарын енгіздік, педагогтарымыз арнайы оқуын оқып сертификаттарын алды. Сонымен қатар асық ойындары қолға алынған,



педагогтарымыз Бекейтова У.Б., Исакулова Е.Т., Амирова Ж. асық ойындарын зерттеп, күнделікті іс-әрекеттерінде, тәжірибесінде қолданып, «Асық ойындары» тақырыбында әдістемелік құрал жазып шығарды. Қазір осы және де көптеген ұлттық ойындарымызды үнемі ұйымдастыру, ойнату арқылы баланы шапшаңдыққа, жылдамдыққа, мергендікке, төзімділікке т.б. баулып отырмыз.

Осындай тәрбие мен білімді сусындап өскен ұрпақ ұлағаты болмақ. Дәл осы өскелең ұрпағымыз ұлттың сапасын құрайды. Сондықтан да қадір-қасиет, ар-намыс, адалдық, патриотизм, жауапкершілік, әдептілік, мейірімділік, сүйіспеншілік, үлкенге ізет, кішіге құрмет сияқты қасиеттерге ие шығармашыл азаматты тәрбиелеу маңызды.

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу—барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз—жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Күнделікті қызметімізде жас ұрпақ бойына сапалы білім, саналы тәрбие сіңіріп, рухани байлықты, ұлттық құндылықтарды көздің қарашығындай сақтауға, адамгершілік қасиеттерді бойларына сіңіруге бар күш-жігерін жұмсаймыз. Ең алдымен ұстаз өзінің ісімен, өзінің сөзімен тәуелсіз еліміздің болашағын ойлайтын, Отанның беріктігін қорғайтын білімді ұрпақ тәрбиелейді.



Күнболатова Макпал Кемербековна
 Әдіскер
 МКҚК №40 «Нұрлан» бөбекжай-бақшасы
 Шымкент қаласы



СЕРУЕННІҢ БАЛА ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Серуендеу күн режимінің міндетті элементі. Балалардың таза ауада болуының маңызы зор, және ақыл ой тәрбиесіне жағдай жасайды. Байқағыштық дамиды, қоршаған дүние туралы ұғым кеңейеді. Осылайша дұрыс ұйымдастырылған және ойластырылған серуендеулер балаларды жан-жақты дамыту міндеттерін жүзеге асыруға көмектеседі.

Серуендеу күніне 2 рет күннің I және II жартысында өткізіледі. Ал жаз айларында балалардың барлық уақыты ұйқы мен тамақ ішуді қоспағанда, ашық ауада өткізіледі. Серуендеулерге бөлінген уақыт қатаң сақталады, ал олардың мазмұны жыл мезгіліне, ауа температурасына, балалардың жасына байланысты болады.

Серуеннің түрлері:

- Үлгілік- балалардың барынша еркін қызметі(барынша көп атрибуттар)
- Аралас-мақсатты және еркін қызмет
- Серуендеу-экскурсия-жорық
- Спорттық эстафеталар

Серуендеудің құрылымы:

бақылау, балалардың еңбек қызметі, қозғалушылық ойындар, балалармен жеке жұмыс, балалардың дербес қызметі

-серуендеулерде бірінші кезекте тірі және өлі табиғатты маусымдық құбылыстарға бақылау жасауға мүмкіндік беріледі. Балалардың бұл өзгерістердің адам мен жануарлар өміріне әсер ететіндігі туралы ұғымдарын бекітудің әр түрлі табиғи құбылыстардың өзара байланыстары туралы қорытындылар жасауға үйретудің мәні зор.

Бақылау.

Серуендеулерде бірінші кезекте, тірі және өлі табиғаттағы маусымдық құбылыстарға бақылау жасауға көп зейін беріледі. Балалардың бұл өзгерістердің адам мен жануарлар өміріне әсер ететіндігі туралы ұғымдарын бекітудің, әр түрлі табиғи құбылыстардың өзара байланыстары туралы қорытындылар жасауға үйретудің мәні зор. Серуендеудегі бақылауды апта күндері бойынша жоспарлаған жөн.

Дүйсенбі-өлі табиғатты (жауын-шашындар, ауа-райы, жел, бұлтты, ала бұлтты) бақылау.

Сейсенбі-тірі табиғатты «өсімдіктер дүниесінің, ағаштардың, бұталардың, шөптердің жай- күйі) бақылау.

Сәрсенбі-тірі табиғат (жәндіктер, құстар)

Бейсенбі - жылдың осы мезгіліндегі адамдардың еңбегі

Жұма - тірі және өлі табиғатты кешенді бақылау.

Топқа қайтып келгеннен кейін балалар өз әсерлерін бақылаулар күн тізбелерінде бейнелейді. Жұмысты тұтас топпен немесе шағын топпен, сондай-ақ жеке де өткізуге

болады. Тәрбиеші зейінді дамыту үшін біреулерін бақылауларға тартады, басқаларында табиғатқа немесе қоғамдық кұұбылыстарға деген қызығушылық туындатады. Бұл білуге құмарлықты, әуестенушілікті дамытады. Тәрбиеші балалардың жыл мезгілдерінің белгілеріне қызығушылығын қолдайды. баланың назарын бағыттайтын және оны бұдан кейінгі бақылауларға қозғау салатын сұрақтар береді. Алынған нәтижелерді суреттемелермен, әңгімелермен құрастырумен бекітуге болады. Тәрбиеші жазғы, қысқы, күзгі серуендеулерде балалардың назарын мезгіл-мезгіл ағаштардағы түстік реңктер үйлесіміне аударады.

Бақылаулар және қарау кезінде белгілі бір тақырыпқа өлеңдерді пайдалану серуендеуден алынған әсерлерді күшейтуге көмектеседі.

Табиғат туралы өлеңдер, жұмбақтар, халықтық ырымдар мен мақалдар - осындай қарапайым сөздік тәсілдер серуендеуді неғұрлым эмоциялы етуге, балалардың бақылауын қажетті арнаға бағыттауға мүмкіндік береді.

Дербес қызмет.

Серуендеу кезінде балалар табиғат пен жақындықта болады. Олар маусым мен ауа-райы жағдайларына бейімделеді. Бұл балалар ойындарының мазмұнына әсер етеді. Қыста дене шынықтыру жаттығулары: шамамен төбешіктен мұз жолдарымен сырғанау, аққала жасау, қардан құрастыру ойындары басым болады. Жазда балалар әр түрлі табиғи материалмен: тастармен, жаңғақтармен, жапырақтармен, құммен, сумен рахаттана ойнайды.

Еңбек қызметі.

Серуендеу кезінде балалардың еңбек қызметіне назар аударамыз. Оның мазмұны мен ұйымдастыру формалары ауа-райы мен жыл мезгіліне байланысты болады. Күзде балалар гүлдердің тұқымдарын, бақша өнімдерін жинайды. Қыста қар күреп, қардан әр түрлі құрылыстар жасайды. Балалар еңбегін қуанышты балаларға пайдалы дағдылар мен шеберліктерді меңгеруге көмектесетіндей етуге ұмтылу қажет. Еңбек тапсырмалары балалардың шамасы жететіндей және сонымен бірге олардан белгілі күш жігер жұмсауды талап ететіндей болуы тиіс. Тәрбиеші олардың өз жұмыстарын жақсы орындауын басталған істі соңына дейін жеткізуін қадағалайды. Дербестік пен тиянақтылықты, еңбексүйгіштікті дарытуды дамыту міндеттерін ойдағыдай шешу үшін балалар қолданатын заттарды: тырмаларды, күректерді, қалақтарды, шелектерді дұрыс таңдап алған жөн. Серуендеуде балалармен жұмысты ұйымдастыру кезінде тәрбиеші қызмет басталғанға дейін беретін іске деген эмоциялық көзқарастың маңызы зор. Жұмыстың өзі әрқашанда балаларды қызықтыра бермейді, кейде оларды тәрбиеші қойған мақсат тартады, ал орындау кезінде мүдделліліктің ортақтығы, топтасқандық, жарыстық сәттер баурап алады. Тәрбиеші балаларға бұл жұмыс нәліктен нақ бүгін және қалай орындалуы керектігін түсіндіруі керек. Үлкен топтарда балаларға қызықты жұмысты ғана емес, сондай-ақ талап етілетін жұмысты да орындау қажеттігін түсінуге жеткізген жөн. Бір сарынды қызметті түрлендіру және қызықты ету үшін тәрбиеші жұмбақтар шешуді ұсына алады.



Жеке жұмыс.

Серуен кезінде тәрбиеші балалармен бірге музыка сабағында үйренген әннің сөзі мен әуенән еске түсіруі мүмкін. Баланың сөйлеуін дамыту бойынша да жұмыстар жүзеге асырылады. Жеке жұмыс мұқият жоспарланады. Және жүргізілетін баланың ұсынылған тапсырмалардың қажеттігін түсінуі және де ниеттене орындауы қажет.

Балалардың дербес қызметі.

Тәрбиеші балаларға серуенге ойнауға сюжетті – рөлдік ойындарды ұйымдастыруға арналған заттарды алып шығады. Олардың көмегімен балалар ойынды түрлендіріп өз шығармашылықтарымен әр түрлі бағытта ойнайды. Мектеп жасына дейінгі балалар өздерін қоршаған дүниеге қызығушылықпен қарайды, бірақ та кейде тіпті алдындағы нәрсені аңғармайды. Ал егер олармен осы сәтте тәрбиеші көрсетіп танданса, қарау ғана емес көруге де үйретсе, онда балалар көбірек білуге талпынады.



Исакулова Елмира Тлеукабыловна
Тәрбиеші, педагог-зерттеуші
МКҚК №40 «Нұрлан» бөбекжай-бақшасы
Шымкент қаласы



МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУЫ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР

Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік дамуы – олардың әлеуметтік, когнитивтік және тұлғалық дамуының негізін құрайды. Бұл жаста тіл арқылы бала қоршаған ортамен қарым-қатынас орнатады, ойын, сезімін, қажеттілігін білдіреді. Сол себепті педагогтің кәсіби шеберлігі мен әдістемелік дайындығы – тіл дамыту үдерісінің табысты болуындағы шешуші фактор. Педагог баланың жас ерекшелігін, сөйлеу қарқынын, эмоциялық жай-күйін ескере отырып, сөйлеуге ынталандыратын тілдік орта құруы тиіс.

Балалармен сөйлеуді дамыту іс-әрекеттерін жоспарлау мен ұйымдастыруда тек сөздік қорды байыту ғана емес, сонымен қатар байланыстырып сөйлеуді, дыбыстауды, сөйлеу мәнерін қалыптастыру да мақсат етіледі. Педагог бала тілін дамытуда тек дайын үлгіні ұсынушы емес, баланың сөйлеу мүмкіндігін ашатын ұйымдастырушы, қолдаушы, тілдік серіктес болуы керек. Төменде баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, сөйлеуді дамыту жұмысын тиімді ұйымдастыруға арналған әдістемелік бағыттар берілген:

Тілдік органы ұйымдастыру

- Топта баланың еркін сөйлеуіне мүмкіндік беретін қолайлы тілдік орта құру қажет.
- Сөйлеу әрекетін күштемей, табиғи қарым-қатынаста жүзеге асыру ұсынылады.

- Баланың қателерін түзету кезінде қолдаушы тілдік модель беру арқылы сөйлеуге ынталандыру қажет.

- Сөйлеуге итермелейтін арнайы бұрыштар («Кітап бұрышы», «Сөйлеу аймағы») ұйымдастырылуы тиіс.

Іс-әрекетті тиімді жоспарлау

- Сөйлеуді дамыту іс-әрекеттері тақырыптық, маусымдық және тұлғалық даму ерекшеліктеріне сәйкес құрылуы керек.

- Педагог мақсатты түрде тілдік тапсырмалар жүйесін құрып, баланың даму нәтижесін нақты белгілейді.

Іс-әрекет құрылымы үш кезеңнен тұруы тиіс:

1. Кіріспе (зейінді шоғырландыру, сөйлеуге дайындау);
2. Негізгі бөлім (жаттығу, ойын, тапсырма);
3. Қорытынды (қайталау, жинақтау, кері байланыс).



Әдістер мен тәсілдерді үйлесімді қолдану

Көрнекілік, ойын, көркем шығармалармен жұмыс, әңгімелесу, рөлдік ойын, АКТ, логопедиялық жаттығулар – бәрі бір-бірін толықтырып қолданылуы тиіс.

- Әдістер баланың қимыл, ойлау, қиял, сөйлеу әрекеттерін қатар дамытуға бағытталған болуы керек.

- Әр түрлі ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде (сөйлеуді дамыту, музыка, қоршаған ортамен таныстыру, мүсіндеу, сурет салу) тілдік тапсырмаларды кіріктіре енгізу ұсынылады.



Саралау тәсілін қолдану

- Сөйлеу деңгейі төмен балалармен жеке жұмыс ұйымдастырылуы тиіс (картотека, дыбыстық ойындар, тіл жаттығулары).

- Белсенді балаларға шығармашылық тапсырмалар, әңгіме құрастыру, ертегі ойлап табу сияқты тапсырмалар беріледі.

- Қажет болған жағдайда логопед, дефектолог, психолог мамандарымен бірлесіп отырып түзету жұмыстары жүргізіледі.

Бақылау және бағалау

- Баланың тілдік даму динамикасын бағалау үшін жүйелі бақылау парақтары немесе жеке даму карталары жүргізіледі.

Диагностика баланың:

- дыбыстарды дұрыс айтуы;
- сөздік қор деңгейі;
- сөйлем құрау қабілеті;
- байланыстырып сөйлеу дағдысы бойынша жүргізіледі.

жүргізіледі.

Бақылау нәтижелері іс-әрекетті жоспарлауда негіз ретінде алынады.

Кәсіби үздіксіз даму

- Педагог тіл дамыту әдістемесін үнемі жетілдіруі тиіс. Бұл мақсатта:

- Әдістемелік оқуларға қатысу;
- Тәжірибе алмасу (ашық іс-әрекет, коучинг);
- Жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеру ұсынылады.

Педагогикалық рефлексия – әрбір іс-әрекеттен кейінгі талдау мен қорытынды жасау кәсіби дамудың бір бөлігі болуы қажет.

Балалардың тілдік дамуына әсер ететін негізгі факторлар:

Отбасындағы тілдік орта – ата-аналар мен отбасы мүшелерінің сөйлеу мәдениеті, баламен сөйлесу жиілігі мен сапасы баланың алғашқы тілдік ортасын қалыптастырады. Тілге бай, қарым-қатынасқа ашық ортада өскен балалардың сөйлеуі де белсенді әрі мазмұнды болады.

Тәрбиешінің сөйлеу мәдениеті мен тілдік үлгісі – педагогтің сөйлеу тілі, интонациясы, сөзді таңдауы, тілдік тапсырмаларды ұсыну тәсілдері бала үшін үлгі ретінде қызмет етеді. Тәрбиеші қаншалықты бай, сауатты және мәнерлі сөйлесе, балалар да соған бейімделе бастайды.

Көркем әдебиет, ойын, ертегі, мультимедиа құралдарының ықпалы – тілдік дамуға бағытталған әдеби шығармалар, бейнематериалдар, аудиоертегілер, дидактикалық және рөлдік ойындар балаға тілдік үлгілерді қабылдауға мүмкіндік береді.

Қарым-қатынасқа түсетін әлеуметтік орта – балабақшадағы құрдастармен араласу, тәрбиешімен және басқа ересектермен сөйлесу арқылы бала тілін жаттықтырады, әртүрлі тілдік жағдаяттарға бейімделеді.

Жеке даму қарқыны мен психофизиологиялық ерекшеліктері – әр баланың тілге деген бейімділігі, есте сақтау, назар аудару, еліктеу қабілеті әртүрлі болғандықтан, тілдік даму да әрқалай жүреді. Бұл ерекшеліктерді ескере отырып, педагог жеке және сараланған жұмыс жүргізуі тиіс.

Қорытындылай келе, педагогтің басты міндеті – баланың сөйлеуге деген ішкі қажеттілігін ояту, оны қолдау және тілдік дамуға жүйелі ықпал ету. Педагог тілдік даму бағытында тек білім беруші ғана емес, ынталандырушы және тілдік серіктес ретінде әрекет етуі қажет.

Қолданылған әдебиеттер

1. Мұқанова Б.Қ. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі. – Алматы: Ұлағат, 2015.
2. Сағындықұлы Б. Тіл дамыту және мектепке дейінгі баланың сөйлеу әрекеті. – Алматы: Рауан, 2009



Амирова Жансая Макулбековна
Тәрбиеші, педагог-зерттеуші
МКҚК №40 «Нұрлан» бөбекжай-бақшасы
Шымкент қаласы



МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАНЫҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ОТБАСЫНЫҢ ӘСЕРІ

Мектепке дейінгі кезең – бала үшін өте маңызды уақыт, себебі осы уақытта оның жеке тұлғасы қалыптасып, мінез-құлқы мен дағдылары дамиды. Бұл кезеңде отбасы үлкен рөл атқарады, себебі бала өмірінің алғашқы жылдарын отбасы мүшелерімен бірге өткізеді. Ата-аналар баланың алғашқы ұстазы болып, оның тұлғалық дамуына тікелей әсер етеді.

Біріншіден, отбасы баланың алғашқы қарым-қатынас тәжірибесін қалыптастырады. Егер ата-аналар баламен үнемі сөйлесіп, оның пікірін тыңдайтын болса, бала өзіне сенімді болып өседі. Ал егер бала көп уақыт жалғыз қалса немесе үнемі дауыс көтеріліп, шектеулер қойылса, бұл оның психологиялық жағдайына теріс әсер етуі мүмкін. Баланың жеке тұлғасының дамуы үшін оның сезімдері мен қажеттіліктеріне көңіл бөлінуі өте маңызды.

Екіншіден, отбасы баланың эмоциялық тұрғыда дамуына әсер етеді. Баланың ата-анасынан көрген махаббаты, қамқорлығы және қолдауы оны сенімді, бақытты етеді. Егер бала ата-анасынан жылулық пен түсіністік көрсе, ол әлемге деген сүйіспеншілік пен жақсы қарым-қатынасты үйренеді. Мұндай эмоционалды қолдау балаға қиыншылықтарды жеңуге көмектеседі.

Үшіншіден, отбасы баланың қоғамда өз орнын табуға көмектеседі. Отбасында қалыптасқан құндылықтар мен ережелер баланың келешекте басқа адамдармен қарым-қатынас орнатуына әсер етеді. Егер отбасы ішінде бір-біріне құрмет пен түсіністік болса, бала да қоғамға құрметпен қарайды, басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгереді.

Сондай-ақ, отбасы баланың білім алуына да әсер етеді. Бала үйренген ең алғашқы нәрселерді өз отбасынан алады, ал ата-аналар баланың қызығушылығын дамытуға, оның қабілеттерін байқап, қолдауға тырысуы қажет. Мектепке дейінгі кезеңде баланың шығармашылық ойлау мен ойын арқылы дамуы өте маңызды, ал бұл үшін ата-аналардың ынтасы мен шығармашылық қолдауы керек.

Қорыта айтқанда, отбасы баланың дамуына үлкен әсер етеді. Ата-аналар мен отбасы мүшелері баланың тұлғасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарып, оның болашақта қалай өмір сүретінін айқындайды. Сондықтан, ата-аналар өз балаларына дұрыс тәрбие беріп, оларға сүйіспеншілік пен қолдау көрсетуі тиіс.

Абдиева Сауле Ералиевна
Тәрбиеші, педагог-модератор
МКҚК №40 «Нұрлан» бөбекжай-бақшасы
Шымкент қаласы



МАМАНДЫҚТАРМЕН ТАНЫСАЙЫҚ

Білім беру дағдысы: Әлеуметтік эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Қоршаған әлеммен таныстыру

Тақырыбы: «Мамандықтармен танысайық»

Мақсаты: Әр түрлі мамандық түрлері туралы түсінік беру. Мамандық иелерінің қызметі және олардың еңбегімен таныстыра отырып, олардың маңыздылығы туралы білім беру. Әр түрлі мамандық түрлеріне қызығушылығын тудыру және еңбек адамдарына құрмет сезіммен қарауға тәрбиелеу.

Қажетті құрал-жабдықтар мен көрнекіліктер: Мамандық иелерінің суреттері, құрал-жабдықтары.

Сөздік жұмыс: мамандық, тігінші, аспазшы, мұғалім, дәрігер, құрылысшы.

Блингвалдық компонент: мамандық-профессия, аспаз-повар, мұғалім-учитель, дәрігер-доктор, құрылысшы-строитель.

Шаттық шеңбері:

Тәрбиеші: Балалар балабақшаға қай уақытта келесіңдер?

Балалар: Таңда

Тәрбиеші: Дұрыс айтасындар! Міне тағыда таң атып күн шықты.

- Қайырлы таң көздерім! Қайырлы таң құлақтарым! Қайырлы таң қолдарым! Қайырлы таң аяқтарым! Сендер ояндыңдар ма? Иә біз ояндық!

- Көздерім көріп тұр

- Құлақтарым естіп тұр

- Қолдарым қол соғып

- Аяқтарым топылдатты. Біз ояндық! Жарайсындар балалар!

Ендеше бүгінгі бізге келген қонақтармен амандасайық.

Үлкенге де сіз,

Кішіге де сіз

Құрметпенен сіздерге,

Бас иеміз біз.

Тәрбиеші:

Тәуелсіз мына заманда,

Сұраныс көп маманға.

Нағыз маман пайдалы,

Мемлекет, қоғам, адамға – деп бүгінгі іс-әрекетімізді бастаймыз.

Ұйымдастыру кезеңі: Суретпен жұмыс. Сурет бойынша әңгімелету.

Бұл аспаз. Аспаз – ең басты мамандықтың бірі.

Безендіріп үстелді,

Тәтті тамақ пісірер.

Аспаз дәмді тамақтың қаншама түрін пісіреді.

Бұл құрлысшы. Зәулім үйлерді, біздің балабақшамызды салған кісілерді құрылысшылар дейміз.

Бұл дәрігер. Дәрігер адамдарды емдейді, дері беріп, укол салып жазады.

Бұл тігінші. Тігінші адамдарға әдемі етіп киім тігіп береді сондықтан біз үнемі әдемі болып жүреміз.

Бұл мұғалім. Мұғалім бізге білім береді. Ол үлкен маман иесі болуымызға көмектеседі.

Бұл адамдардың барлығын бір сөзбен айтқанда «**мамандық иелері**» дейміз. Бұл мамандықты меңгеру үшін көп оқуды, көп ізденуді, қажымас қайратты, көп еңбекті талап етеді. Мамандық иесі болып шығу үшін арнайы оқу орындарында дайындалып оқытады. Сонда ғана өзің қалаған мамандық иесі болып шыға аласыңдар.

Дидактикалық ойын: «Кім жылдам»

Үстел үстіне түрлі мамандық иелеріне қажетті құралдарды қойып, төрт баланы шығарамын, төрт баланы төрт түрлі мамандық иесіне бөлемін, ойын шартын түсіндіремін. Төрт бала өзіне қажетті құралдарды тез – тез бөліп алады. Алған құралдарымен не істеуге болатындығын айтады және өскенде сол маман иесі болғысы келетіндігін айтады. (шаштараз, дәрігер, мұғалім, аспаз)

Сергіту сәті:

Іш ауырса, бас ауырса,

Мамам дәрі береді.

Барлық бала, барлық адам,

Оны жақсы көреді.

Дидактикалық ойын: «Ойлан тап»

Тақтаға маман иелерінің суреттері ілінеді. Ойын шарты әр мамандықтың қызметіне сай анықтау.

Қорытынды: Сұрақ – жауап:

- Сонымен балалар қандай маман иесі болсын ол адамның еңбегін бағалай білу керек екен. Ол мейлі бастық болсын, мейлі қарапайым шаруа иесі болсын ол адамның еңбегін бағалай білу керек. Осыны еш ұмытпаңдар.

Балалар сендерге бүгінгі оқу іс-әрекетіміз ұнады ма?

- Не білдік, не үйрендік?

Бүгін бәрін жақсы қатыстыңдар, рахмет сендерге.

Ал енді біз қонақтарымызды шығарып салайық.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Балалар мамандық түрлерін біліп, қажетті құралдарын атай білу керек.

Нені игереді: Суретке қарап әңгіме құруды меңгереді.

Нені білді: Үлкендердің, мамандық иелерінің еңбегін бағалай біледі.

Арисланова Ляззат Абдурахимовна
 Воспитатель, педагог-модератор
 ГККП ясли сад №40 "Нурлан"
 г. Шымкент



ИГРЫ-ЭКСПЕРИМЕНТИРОВАНИЯ И ИХ ВЛИЯНИЕ НА РАЗВИТИЕ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ ДОШКОЛЬНИКОВ

Аннотация

В данной статье рассматривается одна из важнейших задач дошкольного образования — развитие познавательных способностей и познавательной активности детей. Особое внимание уделяется роли игр-экспериментирований как эффективного средства формирования интереса к знаниям, активизации умственной деятельности и развития исследовательских умений у дошкольников. Раскрываются этапы организации и проведения игр-экспериментов, подчеркивается значимость создания развивающей игровой среды и участия педагога в образовательном процессе. Делается акцент на том, что познавательная активность не возникает спонтанно, а требует системной поддержки через специально организованные виды деятельности.

Ключевые слова: *познавательная активность, познавательные способности, игры-экспериментирования, дошкольное образование, игровая деятельность, исследовательская деятельность, развитие ребенка, мотивация к обучению, развивающая среда, роль педагога*

Развитие познавательных способностей и познавательной активности детей — одна из важнейших проблем воспитания и развития детей. Под познавательными способностями детей детского сада следует понимать деятельность, проявляющуюся в процессе познания. Она проявляется в заинтересованном восприятии информации, в уточнении, углублении знаний, поиске ответов на интересующие вопросы, в проявлении элементов творчества, в умении овладеть методом познания и применить его к другому материалу.

Дошкольный этап детства является весьма важным для ребенка, ведь данный этап является переходом на следующий возрастной период — младший школьный возраст. Одним из наиболее важных условий в данном направлении является организация различных видов образовательной деятельности, а также формирование мотивов для успешного овладения знаниями. Поэтому можно отметить, что процесс развития познавательной активности должен быть не только увлекательным, но и плодотворным, образовательным.

Без проведения специальных занятий невозможно интенсивное развитие познавательных способностей детей. Основным уроком развития познавательных способностей детей детского сада и важнейшей деятельностью ребенка должна стать игра. В игре психическое развитие, формирование личности ребенка происходит естественным образом для ребенка. В процессе игры дети получают различные знания об объектах и явлениях окружающего мира.

Познавательная активность дошкольника не может возникнуть самостоятельно. Подкреплять и совершенствовать данный компонент необходимо посредством различных методов и средств, одним из которых являются игры - экспериментирования. Именно игры-эксперименты способны развить познавательную активность, заинтересовать дошкольника в овладении знаниями.

Стоит отметить, что именно такие игры способны предоставить знания дошкольникам не теоретически, а практически. С помощью игр-экспериментирования дошкольники могут прикоснуться к изучаемому объекту, смогут выделить и изучить его свойства, его взаимодействие с другими объектами и прочее. В процессе такой деятельности умственная деятельность дошкольника активизируется, у ребенка формируется интерес к познанию нового, еще им неизведанного, в последующем результат такой деятельности может быть закреплён в процессе бесед, анализе собственной деятельности, что также влияет на речевое развитие.

Игра - экспериментирования - важнейшее средство психического развития ребенка. Знания, полученные в детском саду и дома, находят практическое применение и развитие в игре. Увлекательные игры создают веселое, радостное настроение, делают жизнь детей полноценной, удовлетворяют их потребность в активной деятельности. Только при хорошей организации и грамотном проведении образовательной игры дети получают знания и навыки.

Игра - экспериментирования как средство развития познавательной деятельности детей среднего дошкольного возраста включает большие потенциальные возможности:

- усиливает познавательные процессы;
- развивает интерес и внимательность детей дошкольного возраста;
- развивает способности; вводит детей в жизненные ситуации;
- учит их работать по правилам, развивает любознательность.

В процессе игр - экспериментирования, начиная с младшей группы (по типу игр «тонет - не тонет», «мокрый - сухой») до старшей группы (игр-экспериментов с электричеством), дошкольники получают положительный эмоциональный опыт, учатся исследовать, обсуждать и работать в команде. Стоит отметить, что сначала такие игры-эксперименты являются неотъемлемой частью специально созданного образовательного процесса (например, в процессе занятий), далее материалы для игр-экспериментов могут вноситься в игровую среду, где дошкольники могут самостоятельно исследовать и получать знания. Именно самостоятельность, на мой взгляд, поможет дошкольникам в развитии познавательной активности.

Организация игр-экспериментирования осуществляется воспитателем по трем основным направлениям: подготовка к проведению игры, ее проведение и подведение итогов игры (рефлексия).

Подготовка к игре включает:

- соответствие игры с задачами воспитания и обучения: углубление и обобщение знаний, развитие сенсорных способностей, активация психических процессов и др.;
- определение соответствия игры определенной возрастной группе;
- определение комфортного времени игры (на уроке, в свободной деятельности или режимных моментах);
- определение игрового места, в которое дети могут играть, не мешая друг другу;
- определение количества игроков (индивидуально, с подгруппой или группой);
- подготовка наглядности, необходимого материала для выбранной игры;
- подготовка самого воспитателя к проведению игры: сначала он должен сам изучить и понять все направления игры, место в игре, методы управления игрой;
- подготовка детей к игре: обогащение их знаниями, пониманием предметов и явлений окружающей жизни, необходимых для решения игровой задачи.

Также одним из методов совершенствования педагогического процесса в детском саду и стимулирования развития психофизиологического потенциала детей с раннего возраста является организация игрового пространства. Обеспечение объективной возможности

творческой деятельности, позволяющей максимально выявить таланты и реализовать способности каждого ребенка, становится главной задачей коллектива воспитателей. Исследования в этой области, проведенные отечественными педагогами, психологами и воспитателями на протяжении многих десятилетий, позволили накопить достаточный опыт с точки зрения воспитания и обучения детей в детском саду на основе создания развивающей игровой среды.

Таким образом, можно отметить следующее: под познавательной активностью дошкольника, понимается процесс проявления мотивации к овладению знаниями, умение индивида строить собственный путь к саморазвитию, тем самым реализовывая собственный индивидуальный маршрут для получения знаний и умений, а также наличие познавательного интереса в процессе познания. Познавательная активность дошкольника не может возникнуть самостоятельно. Подкреплять и совершенствовать данный компонент необходимо посредством различных методов и средств, одним из которых являются игры-экспериментирования. В процессе такой деятельности умственная деятельность дошкольника активизируется, у ребенка формируется интерес к познанию нового, еще им неизведанного.

Использованные литературы:

1.Корепанова, Е.В. Психологическое здоровье детей дошкольного возраста в русле тенденций развития современного образования / Е.В. Корепанова, Д.В. Комель // Наука и Образование. - 2019. - Т. 2. - № 2. - С. 172;

2.Лапина, И.В. Адаптация детей при поступлении в детский сад. Программа. Психолого-педагогическое сопровождение. Комплексные занятия / И.В. Лапина. - М.: Учитель, 2013;

3. Антюхина. А.В. Игры и их роль в дошкольном возрасте/ А.В. Антюхина. М., 2012. 271с.

ЭКСПЕРИМЕНТТІК ОЙЫНДАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУҒА ӘСЕРІ

Аннотация

Бұл мақалада мектепке дейінгі білім берудің маңызды міндеттерінің бірі — балалардың танымдық қабілеттері мен танымдық белсенділігін дамыту мәселесі қарастырылады. Ерекше назар ойын-эксперименттерге аударылып, олардың білімге деген қызығушылықты қалыптастырудың, ойлау қызметін белсендендірудің және мектепке дейінгі жастағы балалардың зерттеушілік дағдыларын дамытудың тиімді құралы ретінде маңыздылығы көрсетіледі. Ойын-эксперименттерді ұйымдастыру және өткізудің кезеңдері ашып көрсетіледі, дамытушы ойын ортасын құру мен педагогтің оқу-тәрбие процесіндегі рөлі ерекше атап өтіледі. Танымдық белсенділік өздігінен пайда болмайтыны, оны арнайы ұйымдастырылған іс-әрекеттер арқылы жүйелі қолдау қажет екені баса айтылады.

Түйінді сөздер: *танымдық белсенділік, танымдық қабілеттер, эксперименттік ойындар, мектепке дейінгі білім беру, ойын әрекеті, зерттеушілік қызмет, баланың дамуы, оқуға мотивация, дамытушы орта, педагогтің рөлі.*

Багиярова Каракоз Кабжановна
Тәрбиеші, педагог-зерттеуші
МКҚК №40 «Нұрлан» бөбекжай-бақшасы
Шымкент қаласы



МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН, ЗЕРТТЕУ ІС-ӘРЕКЕТІН ДАМУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған үлгілік оқу бағдарламада тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы іске асырылады. Мақсаты: балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу, олардың өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау болып табылады.

Бала – туғаннан зерттеуші. Ол үнемі сұрақ қойып, байқап, тәжірибе жасап, қорытынды шығарып отырады. Ал шығармашылық – баланың ішкі жан дүниесін, сезімін, ойлау қабілетін, қиялын білдіруінің көрінісі. Осындай қабілеттерді жүйелі түрде дамыту арқылы біз баланың өзіне сенімді, еркін, белсенді және жаңашыл тұлға болып қалыптасуына жол ашамыз.

Бүгінгі таңда білім беру мазмұнына қойылатын талаптар баланың тек білімді ғана емес, сонымен қатар өз бетінше ойлай алатын, шешім қабылдай білетін, зерттей алатын тұлға ретінде дамуын көздейді. Осы мақсатта мектепке дейінгі ұйымдарда шығармашылық пен зерттеу іс-әрекетін дамыту – педагогтің кәсіби шеберлігінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Осы әдістемелік құралдың өзектілігі – баланың шығармашылық дағдыларын дамыту мен зерттеушілік қабілеттерін қалыптастыруда педагогтерге нақты әдістер мен тәжірибеге негізделген құралдар ұсыну, соның нәтижесінде мектепке дейінгі білім беру сапасын артты

Педагогикалық әдістемелер мен құралдар

• **ТРИЗ (шығармашылық ойлауды дамыту теориясы):** баланың шығармашылық ойлауын жүйелі дамытуға арналған әдіс;

• **Жобалық әдіс:** баланың зерттеушілік белсенділігін арттырып, тәжірибе жасауға мүмкіндік береді;

• **Арт-терапия элементтері:** баланың ішкі эмоцияларын шығармашылық жолмен білдіруге жағдай жасайды;

• **Дамыта оқыту технологиялары:** Л.С. Выготский, Л.В. Занков, Ж.Аймауытов, Ы.Алтынсарин сынды педагог-ғалымдардың көзқарастары негізінде құрастырылған.

Балалардың шығармашылық дағдыларын дамыту ерекшеліктері мен тиімді әдістері

Шығармашылық ұғымы және оның бала дамуындағы орны

Шығармашылық – бұл адамның жаңа, ерекше идеяларды ойлап табу, өз бетінше әрекет ету, мәселені жаңаша шешу қабілеті. Мектепке дейінгі жастағы балада шығармашылық ойлау

табиғи түрде байқалады: олар қиялдайды, бейнелейді, жаңа рөл ойлап табады, өзгеше шешімдер ұсынады. Бұл – баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына негіз болады.

Шығармашылық баланың:

- **эмоциялық дамуына** (өзін білдіру, сезімін жеткізу),
- **зияткерлік дамуына** (ойлау, қиял, елестету),
- **қарым-қатынас дағдыларына** (өз ойын айту, идеяны бөлісу),
- **моторикасына** (қол қимылдары, мүсіндеу, сурет салу) тікелей әсер етеді.

Шығармашылықты дамыту ерекшеліктері

Мектепке дейінгі балаларда шығармашылықты дамытудың бірнеше ерекшеліктері бар:

- Қиялы шексіз, шынайы мен елестің арасындағы шекараны ажырата алмайды;
- Қозғалыс арқылы, көрнекілік арқылы жақсы қабылдайды;
- Ойын арқылы оқиды және дамиды;
- Нәтижеден гөрі **үрдістің өзі** маңызды;
- Қателіктен қорықпайды, батыл шешім ұсынады.

Шығармашылықты дамытудың тиімді әдістері мен тәсілдері

1. Арт-терапия элементтері

- Сурет салу, бояу, коллаж жасау;
- Түспен эмоцияны білдіру;
- Қиялға негізделген еркін тақырыптар;

2. Мүсіндеу және құрастыру

- Ермексаз, табиғи материалдармен жұмыс;
- Өз ойынан жаңа зат, кейіпкер жасау;
- Сюжеттік мүсіндеу (ертегі кейіпкерлері, жануарлар);

3. Музыка және би арқылы

- Әуенге сай қимыл жасау;
- Өз биін ойлап табу;
- Музыкалық импровизация;

4. Драматизация және қуыршақ театры

- Ертегіні сахналау;
- Өзі рөл тандап, реплика ойлап табу;
- Қуыршақтармен еркін әрекет.

5. Шығармашылық ойындар

- «Қиял әлемі», «Егер мен сиқыршы болсам...», «Ойлап тап!» сияқты ойындар.
- Шығармашылық шеңбер: балалардың өз ойларын бөлісуі.

6. Сюжеттік-рөлдік ойындар

- Бала жаңа рөлді елестетіп, сол кейіпкер ретінде әрекет етеді.
- Өзгеше жағдайлар құрастырып, шешім қабылдайды.

7. Шығармашылық дағды, зерттеу іс-әрекетімен интеграция

• Музыка, бейнелеу, көркем әдебиет, қимыл-қозғалыс бір ұйымдастырылған іс-әрекет аясында біріктіріледі.

- Мысалы: әуен тыңдап, соған байланысты сурет салу.

Шығармашылық ұғымы және оның бала дамуындағы рөлі

Шығармашылық – бұл адамның жаңалық ашуға, ерекше шешімдер табуға, жаңа образдар мен идеялар жасауға бағытталған ішкі мүмкіндіктерінің көрінісі. Шығармашылық тек өнермен ғана шектелмейді, ол – ойлау, қиял, елестету, шешім қабылдау секілді танымдық процестердің бірлескен нәтижесі.

Мектепке дейінгі кезең – баланың шығармашылық қабілеттері қарқынды дамитын аса маңызды уақыт. Бұл жастағы балалар заттар мен құбылыстарға ерекше көзқараспен қарап, күнделікті өмірден өзгеше мән табуға бейім келеді. Олар ойдан шығарып айтуға, бейнелеуге, ойынды түрлендіруге, айналада болып жатқан нәрселерді зерттеуге ынталы болады.

Шығармашылықтың бала дамуындағы рөлі

1. **Ойлау қабілетін дамытады.** Бала логикалық, сыни және образды түрде ойлауды үйренеді. Ол бір мәселенің бірнеше шешімін табуға ұмтылады.

2. **Қиялын кеңейтеді.** Еркін елестету мен қиялдау арқылы бала болмысты өздігінше бейнелейді.

3. **Коммуникативтік дағдыларын арттырады.** Шығармашылық тапсырмалар топпен бірге жұмыс істеуге, ойын айтуға, басқа пікірді тыңдауға жетелейді.

4. **Эмоционалды тұрақтылықты қалыптастырады.** Бала өз ішкі сезімін сурет, музыка, қимыл арқылы білдіреді.

5. **Өзін-өзі танытуға мүмкіндік береді.** Шығармашылық балаға "Мен қандаймын?", "Мен не істей аламын?" деген сұрақтарға жауап табуға көмектеседі.

Педагогтің рөлі

Педагог баланың шығармашылығын тежемей, керісінше оның қызығушылығына қолдау білдіруі тиіс. Балаларға еркін таңдау, дербес ой қорыту, өз ойын білдіру мүмкіндігін беру – шығармашылықтың басты шарты.

Осы жаста шығармашылықты дамытуға жағдай жасаудың педагогикалық қағидалары:

- Еркіндік пен таңдауға мүмкіндік беру;
- Қателесуден қорықпауға үйрету;
- Әртүрлі материалдармен жұмыс істеуге жағдай жасау;
- Баланың жеке ерекшеліктерін ескеру;
- Оны мадақтау, пікірін тыңдау, идеясына құрметпен қарау.

Арт-терапия элементтері арқылы шығармашылықты дамыту

Арт-терапия – өнер арқылы баланың ішкі дүниесін ашу, эмоциясын білдіру, өзін-өзі тануға, реттеуге көмектесетін тиімді әдіс. Бұл тәсіл мектепке дейінгі жастағы балалар үшін өте қолайлы, себебі олар өз сезімдерін сөзбен емес, көбінесе әрекет, сурет, қимыл арқылы білдіреді.

Арт-терапия шығармашылықты дамытумен қатар, баланың эмоционалдық саулығын, өзін-өзі бағалауын, зейінін, есту-есте сақтау қабілетін де жетілдіреді.

Арт-терапияның негізгі бағыттары мен үлгілері

1. Сурет терапиясы

- Балалар бояу, қарындаш, гуашь, саусақ бояуы арқылы өз сезімдерін білдіреді.
- Жаттығу мысалы: «Менің көңіл-күйім» – бала сол сәттегі көңіл-күйін түспен бейнелейді.
- Тақырыпсыз еркін сурет салу бала қиялын шектемей, ойын еркін жеткізуге жол ашады.

2. Құм терапиясы

- Құммен жұмыс барысында бала ұсақ моторикасын дамытып қана қоймай, ішкі кернеуден арылады.
- Балалар құмда түрлі фигуралар, бейнелер жасап, оқиға құра алады.
- «Құмдағы ертегі» ойыны – бала өз ойынан оқиға құрастырып, кейіпкерлерді бейнелейді.

3. Музыка терапиясы

- Музыка арқылы баланың көңіл-күйі реттеледі, қиялы мен елестету қабілеті артады.
- Жаттығу: тыныш әуен тыңдап, соған сай сурет салу немесе би қимылы жасау.
- Музыкамен еркін қозғалу, эмоцияны қимыл арқылы білдіру.

4. Би және қимыл терапиясы

- Әуенге сәйкес еркін қозғалыстар арқылы бала эмоциясын, ішкі жағдайын шығарады.
- Қимылды импровизация ойындары, мимикамен көңіл-күйді жеткізу жаттығулары қолданылады.

5. Қуыршақ және драма терапиясы

- Балалар қуыршақ арқылы ішкі күйін, ойын, уайымын көрсетеді.

○ Рөлдік сахналық ойындар, өз ойынан диалог құрау, сахналық қойылымдар ұйымдастыру шығармашылықты белсенді дамытады.

Педагогтің рөлі

- Баланы бағаламау, еркіндік беру;
- Жұмысты талдағанда «нені білдіргісі келді?» деп сұрау;
- Әр баланың идеясын құнды деп қабылдау;
- Қауіпсіз, сенімді шығармашылық орта құру.

Музыка, би, сурет салу арқылы шығармашылықты дамытуға арналған жаттығулар мен тәжірибелік іс-әрекеттер

1. Музыка арқылы шығармашылықты дамыту

Жаттығу: «Музыканы тыңдап, суреттен көр»

Мақсаты: музыка тыңдау арқылы бала қиялын дамыту.

Іс-әрекет:

- Балаға әртүрлі әуендер тыңдатылады (баяу, көңілді, алаңдаушылық тудыратын).
- Тыңдағаннан кейін бала сол әуенге сай сурет салады.
- Талқылау кезінде «..... түсті неге таңдадың?», «Бұл әуен қандай оқиғаны еске түсірді?»

деген сұрақтар қойылады.

Жаттығу: «Музыкалық мүсін»

Мақсаты: әуен ырғағына сай қимыл мен қиялды дамыту.

Іс-әрекет:

- Әуен ойнатылады, балалар қозғалады.
- Музыка тоқтаған кезде бала «мүсін» тәрізді қатып қалады.
- Әр түрлі әуен – әр түрлі қимыл образы (құс, аю, гүл, т.б.).

2. Би арқылы шығармашылықты дамыту

Жаттығу: «Би – менің көңіл-күйім»

Мақсаты: эмоцияны қимыл арқылы білдіру.

Іс-әрекет:

- Балалар әртүрлі көңіл-күйді қимыл арқылы көрсетеді (қуаныш, қорқыныш, таңғалу).
- Бір әуенге бірнеше түрлі би қимылы ойлап табу ұсынылады.

Жаттығу: «Қиял биі»

Мақсаты: елестету мен қозғалысты үйлестіру.

Іс-әрекет:

- Педагог балаларға «Сен бұлтсың», «Сен көбелексің», деп нұсқау береді.
- Балалар сол бейнеге сай қимыл жасайды.

3. Драма арқылы шығармашылықты дамыту

Жаттығу: «Ертегі ойлап тап»

Мақсаты: ауызша сөйлеу мен қиялды дамыту.

Іс-әрекет:

- Балалар бір-біріне ертегіні жалғастырып айтып шығады.
- Әр бала өз кейіпкерін қосып, оқиғаны дамытады.

Жаттығу: «Рөлді ойна»

Мақсаты: бейнеге ену, сөйлеу және қимылды байланыстыру.

Іс-әрекет:

- Балалар белгілі бір кейіпкер рөлін ойнайды (аю, мысық, ханшайым).
- Педагог оқиға айтып отырады, балалар сәйкес рөлмен әрекет етеді.

4. Сурет салу арқылы шығармашылықты дамыту

Жаттығу: «Бояумен еркін ойнау»

Мақсаты: еркін шығармашылықты қолдау.

Іс-әрекет:

• Балалар саусақ бояу, мақта таяқшалары, жіп, жапырақ, щетка сияқты түрлі құралдарды пайдаланып еркін сурет салады.

- Тақырып еркін болады немесе музыкалық сүйемелдеумен беріледі.

Жаттығу: «Көңіл-күй түстері»

Мақсаты: түстер мен сезімді байланыстыру.

Іс-әрекет:

• Балаларға «Қуаныш қандай түс?», «Ашу қандай түс?» деген сияқты сұрақтар қойылады.

• Содан кейін сол көңіл-күйді бейнелейтін сурет салады.

Бұл жаттығуларды күнделікті іс-әрекетке енгізіп, **еркін шығармашылық бұрыштар, арт-орталықтар** ұйымдастыру ұсынылады.

Шығармашылық ойындар мен жаттығулар

1. Ойын: «Сикырлы зат»

Мақсаты: баланың қиялын, сөздік қорын және логикалық ойлауын дамыту.

Іс-әрекет:

Педагог қолына бір затты алады (мысалы, қасық) және былай дейді:

– «Бұл жай ғана қасық емес, бұл – ғарыш кемесінің штурвалы!»

– Балалар өз ойынан осы заттың тағы қандай рөл атқара алатынын ойлап табады: таяқша, музыкалық аспап, микрофон, т.б.

2. Ойын: «Қиял әлеміне саяхат»

Мақсаты: еркін шығармашылық ойлауды дамыту.

Іс-әрекет:

Балалармен бірге көзді жұмып, қиял әлеміне «саяхат» жасау ойыны ойнатылады. Педагог бағыт береді:

– «Көздеріңді жұмыңдар. Біз қазір сикырлы орманға барамыз. Онда қандай дыбыстар естіліп тұр? Қандай жануарлар бар? Қандай иіс шығады?»

– Балалар қиял әлемін сипаттап айтып береді немесе сурет салады.

3. Жаттығу: «Жаңа ертегі ойлап тап»

Мақсаты: балалардың сюжеттік ойлауын, шығармашылық сөйлеуін дамыту.

Іс-әрекет:

Балаларға 3 зат немесе кейіпкер ұсынылады (мысалы: мысық, шар, сағат). Олар соларға қатысты өз ертегісін ойлап шығарады.

Ертегіні айту, сахналау, суретке салу сияқты әрекеттермен жалғастыруға болады.

4. Жаттығу: «Суретті жалғастыр»

Мақсаты: бейнелі және кеңістіктік ойлауды дамыту.

Іс-әрекет:

Педагог қағазға бір бөлшек сызып береді (мысалы, жарты дөңгелек, ирек сызық).

Бала сол бейнені толықтырып, толық суретке айналдырады (мысалы, күн, гүл, бұлт).

Тапсырма аяқталған соң, бала не салғанын әңгімелеп береді.

5. Ойын: «Мимика мен қимыл ойыны»

Мақсаты: эмоцияны қимыл және бет әлпетімен білдіруге үйрету.

Іс-әрекет:

Педагог белгілі бір көңіл-күйді атайды («қуаныш», «ашу», «таңғалу», «қорқу»).

Балалар тек бет мимикасы және дене қимылы арқылы көрсетеді.

Басқа балалар бұл қандай көңіл-күй екенін табуға тырысады.

6. Ойын: «Бір сурет – көп мағына»

Мақсаты: баланың шығармашылық елестетуін, сөйлеуін жетілдіру.

Іс-әрекет:

Балаларға бір қарапайым сурет көрсетіледі (мысалы, үшбұрыш).

Олар бұл не болуы мүмкін екенін ойлайды: үйдің төбесі, пирамида, ту, балмұздақ т.б.

Педагогке кеңес:

- Баланың жауабын түзетпеу, тыңдау және мадақтау;
- Шектеу қоймау: бір заттың 10 түрлі қолданылуы болуы мүмкін;
- Ойын соңында «сен не сезіндің?» деген рефлексиялық сұрақтар қою;
- Баланың сөйлеу және бейнелеу тілін дамытатын ойындарды жүйелі түрде өткізу.

Досханова Светлана Ергешовна
Тәрбиеші, педагог-зерттеуші
МКҚК №40 «Нұрлан» бөбекжай-бақшасы
Шымкент қаласы



ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫ – ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ

Ойын – бала дамуының жетекші іс-әрекеті

Мектепке дейінгі жаста ойын – баланың негізгі әрі жетекші іс-әрекеті болып табылады. Бұл кезеңде бала ойын арқылы қоршаған ортамен танысады, өзіне тән мінез-құлқын қалыптастырады, әлеуметтік рөлдерді меңгереді және тілдік, эмоциялық, танымдық дағдыларын дамытады. Ойын – баланың ішкі дүниесін сыртқа шығарып, өзін тұлға ретінде көрсетуіне мүмкіндік беретін ерекше кеңістік. Баланың алғашқы тәжірибесі, әсіресе қарым-қатынасқа қатысты, көбіне ойын арқылы жинақталады.

Психолог Л.С. Выготскийдің айтуынша, ойын – баланың жақын арадағы даму аймағына өтетін көпір іспетті. Ойын барысында бала өзін басқа адамның рөлінде елестетіп, шынайы өмірдегі жағдаяттарды бейнелей отырып, күрделі әрекеттерді игеруге дайындалады. Бұл ойын әрекеті балада қиял мен шындықты байланыстырып, ойлау қабілетін жетілдіреді. Сонымен қатар, ойын барысында бала тек бірнәрсені бейнелеп қоймай, оны сөзбен жеткізуді де үйренеді. Яғни, тілдік қарым-қатынас әрекеті ойын жағдайында табиғи түрде жүзеге асады.

Коммуникативтік дағдылар, әсіресе рөлдік, сюжеттік және драмалық ойындарда белсенді дамиды. Бұл ойындарда бала белгілі бір рөлге еніп, нақты қатынас моделін қалыптастырады: сұрақ қояды, жауап береді, нұсқау береді немесе оны қабылдайды, келіседі, кейде келіспейді, өз ойын білдіреді. Осындай әрекеттер – нағыз шынайы қарым-қатынастың негізі. Сонымен қатар, ойын жағдайында туған қиындықтарды шешу, топ ішінде келісімге келу, түсініспеушіліктерді еңсеру баланы тілдесуге, жанжалды жағдайдан шыға білуге және эмоциясын басқаруға баулиды.

Ойын – бала үшін тіл үйренудің, оны қолданудың, қарым-қатынасты меңгерудің ең тиімді құралы. Егер педагог ойын үдерісін сауатты ұйымдастырып, баланы еркін әрекетке тарта алса, онда балада сөйлеуге деген қызығушылық оянып, қарым-қатынасқа түсуге дайындық артады. Демек, ойын – бұл баланың сөйлейтін, тыңдайтын, түсінетін және өзара байланыс орната алатын ортаға бейімделу жолындағы алғашқы қадамы.

Ойын технологиясының түрлері (сюжеттік, рөлдік, іскерлік, дидактикалық, шығармашылық ойындар)

Мектепке дейінгі ұйымдарда қолданылатын ойын технологиялары баланың жан-жақты дамуына, соның ішінде тілдік және коммуникативтік қабілеттерінің қалыптасуына ықпал ететін маңызды құрал болып саналады. Ойындар баланың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, сөйлеу әрекетін табиғи түрде ұйымдастыруға жағдай жасайды. Әсіресе, қарым-қатынас дағдыларын дамытуда төмендегі ойын түрлерінің маңызы ерекше:

Сюжеттік-рөлдік ойындар

Бұл ойын түрі балаға өмірлік жағдаяттарды ойша елестетіп, нақты рөлдерге енуге мүмкіндік береді. "Дәрігер мен науқас", "Отбасы", "Дүкен", "Балабақша" сияқты тақырыптар арқылы бала әлеуметтік рөлдерді меңгереді және тілдік өзара әрекетке белсенді қатысады. Мұндай ойындарда балалар өзара келісімге келіп, диалог құрады, ойдан оқиға құрастырып, рөлдерді бөлісіп әрекет етеді. Бұл баланың еркін сөйлеуіне, тілдік құрылымдарды меңгеруіне және бір-бірін тыңдауға дағдылануына көмектеседі.

Театрландырылған ойындар

Бұл ойындарда балалар ертегі, өлең, әңгіме немесе күнделікті тұрмыстық жағдаяттарды сахналау арқылы тілдік және эмоционалдық қабілеттерін дамытады. Кейіпкерге ену арқылы бала сөздің мәнін түсінеді, дауыс ырғағы мен мимика арқылы өз ойын жеткізеді, эмоциясын бақылауға үйренеді. Театрландыру – баланың көркем сөзге қызығушылығын арттырып, оның сөз байлығын, логикалық сөйлеуін дамытудың тиімді жолы.

Дидактикалық ойындар

Бұл ойындар көбіне оқыту және дамыту мақсатында құрылып, сөйлеуді, ойлауды, есте сақтауды белсендіруге бағытталады. Ойын барысында балаға сұрақ қою, дұрыс жауап беру, сипаттау, салыстыру, қорытынды жасау секілді тапсырмалар ұсынылады. Мысалы: «Не артық?», «Суретте не өзгерді?», «Кім қалай сөйлейді?», «Дәміне қарап тап» т.б. Бұл ойындар арқылы балалар жаңа сөздерді меңгереді, сөйлем құруға, пікір айтуға жаттығады.

Қимыл-қозғалыс ойындары

Қимыл әрекетімен байланысты ойындарда бала есту және түсіну арқылы әрекет етеді. Мұнда педагогтің берген нұсқауын тыңдау, оны түсіну және орындау арқылы сөйлеу мен моторлық қабілеттер қатар дамиды. Бұл ойындарда баланың зейіні, тыңдау қабілеті, және нұсқауға реакциясы жетіледі. Мысалы: «Мен сияқты қайтала», «Басыңды сипа – қолыңды көтер» т.б.

Шығармашылық ойындар

Шығармашылық ойындар – баланың қиялы мен тілін еркін дамытуға мүмкіндік беретін ерекше ойын түрі. Бұл ойын барысында бала өзіне таныс емес рөлді ойдан шығарып, оқиғаны өзі құрастырады. Балалар еркін сөйлейді, ой салады, кейіпкердің мінез-құлқын, көңіл-күйін сөзбен сипаттап береді. Бұл ойындарда баланың тілдік бастамашылдығы артады, сөйлеуге деген ішкі мотивациясы күшейеді.

Ойын түрлерінің әрқайсысы баланың сөйлеу белсенділігін арттырып, қарым-қатынасқа деген қажеттілігін оятады. Сондықтан педагог осы ойындарды жүйелі жоспарлап, ұйымдастырылған іс-әрекетінде және күнделікті тұрмыстық жағдаяттарда орынды қолданғаны дұрыс.

Қорытындылай келе, ойын технологиясы мектепке дейінгі балалардың еркін және табиғи сөйлеу ортасын қалыптастыруда ең тиімді, әрі балаға жақын құрал болып табылады. Ойын – баланың өмір сүру тәсілі, ол арқылы бала әлемді таниды, өз рөлін сезінеді және айналасындағы адамдармен қарым-қатынасқа түсуді үйренеді. Баланың белсенді сөйлеуі, тіл арқылы өз ойын жеткізуі, тыңдай білуі, жауап беруі, сұрақ қоя білуі – барлығы ойын жағдайында жеңіл және еркін түрде жүзеге асады.

Ойын барысында бала басқа адамдармен өзара әрекеттесуді, келісуді, пікір алмасуды, түсіністікке келуді тәжірибеде игереді. Бұл – қарым-қатынас мәдениетінің алғашқы қадамдары. Сонымен қатар, ойын – эмоцияны сөзбен білдіру, дауыс ырғағын реттеу, қарым-қатынас ережелерін сақтауға да баулиды.

Педагог үшін маңыздысы – бұл ойын түрлерін жай ұйымдастыру ғана емес, оны баланың коммуникативтік дамуына бағытталған мақсатты құрал ретінде сауатты қолдана білу. Ол үшін әр ойын түрі баланың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес таңдалып, сөйлеу белсенділігін арттыруға бағытталуы керек. Жоспарлы және жүйелі түрде ұйымдастырылған ойын әрекеті баланың тілдік ортасымен бірге, тұлғалық, эмоциялық және әлеуметтік әлеуетін де дамытады.

Демек, ойын – баланың өмір сүру ортасы мен қарым-қатынас кеңістігін байланыстырып, тілді меңгерудің, сөйлеу дағдыларын дамытудың, тұлғалық қасиеттерді жетілдірудің қуатты құралы ретінде педагогикалық үдерісте лайықты орын алуы тиіс.

Қарым-қатынасты дамытуға бағытталған ойын формалары мен тәсілдері

Мектепке дейінгі балалардың сөйлеу белсенділігін арттыру мен қарым-қатынас дағдыларын дамытуда ойын формалары мен арнайы тәсілдердің маңызы зор. Бұл тәсілдер баланың жас ерекшелігіне, тілдік даму деңгейіне және психологиялық мүмкіндіктеріне сай таңдалып, оның тілдік қабілетін, тыңдау және жауап беру машығын, диалог жүргізу шеберлігін жетілдіруге бағытталады. Ойын формалары – баланың коммуникативтік қабілетін табиғи жолмен дамытатын, оған еркін тілдесуге мүмкіндік беретін тиімді әдістемелік құрал.


Қарым-қатынасқа бағытталған ойындарда тіл – мақсат емес, құрал ретінде қолданылады. Яғни, бала тілдік бірліктерді үйрену үшін емес, ойын әрекеті арқылы басқа адаммен байланыс орнату, өз ойын білдіру, өзара түсінісу үшін қолданады. Бұл – баланың сөйлеуге деген ішкі қажеттілігін туындатып, қарым-қатынас жасауға деген ынтасын арттырады.

Ойын кезінде балалар тек пассивті тыңдаушы немесе қайталаушы рөлінде қалмайды, керісінше, өз ойын білдіретін белсенді тұлға ретінде қалыптасады. Олар әртүрлі коммуникативтік жағдаяттарды меңгеріп, рөлге кіріп, нақты мақсатқа жету үшін тілдік құралдарды еркін қолдануға тырысады. Мұндай ойындар баланың сөздік қорын байытып қана қоймай, логикалық ойлау, байланыстырып сөйлеу, эмоцияны білдіру, келісу және дауласу секілді әлеуметтік дағдыларын да дамытады.

Сондықтан педагогтің міндеті – ойын түрлері мен тәсілдерін жүйелі түрде іріктеп, оларды әр баланың коммуникативтік ерекшеліктерін ескере отырып қолдану. Бұл тіл дамыту үдерісін мазмұнды, қызықты, әрі нәтижелі етуге мүмкіндік береді.

Жазыкбаева Гульдария Мамыровна

Воспитатель, педагог – эксперт
ГККП ясли сад №40 "Нурлан"
г. Шымкент



«ОВОЦИ И ФРУКТЫ»

Образовательная область: «Физическое развитие», «Художественная литература», «Развитие познавательных и интеллектуальных навыков»

Раздел: «Ознакомление с окружающим миром.»

Цель: обучать умению ориентироваться в пространстве, воспринимать окружающий мир. Формировать интерес к предметам и явлениям живой и неживой природы.

Формировать элементарные представления о некоторых растениях родного края. Распознавать и называть некоторые овощи и фрукты.

Воспитывать бережное отношение к своему здоровью. Развивать умение работать коллективно.

Демонстрационный материал: [Корзина](#) с муляжами овощей и фруктов, кусочки натуральных овощей и фруктов на зубочистке, фланэлеграф «Огород», «Сад», посуда контейнер, пазлы, шпажки и салфетки.

Раздаточный материал: пазлы, шпажки и фрукты.

Словарная работа:

Билингвальный компонент: яблоко-алма, огурец-бэдрен, морковь-сэбиз, груша-алмұрт.

Этапы деятельности	Действия воспитателя	Действия детей
<p>Мотивационно-побудительный</p>	<p>I. Оргмомент II. Псих. Настрой Утренний круг: Здравствуй, солнце! Здравствуй, небо! Здравствуй, вся моя Земля! Мы проснулись очень рано, И приветствуем тебя!</p> <p>Добрый день ребята! К нам пришли гости. Что нужно сделать? Воспитатель: Если на деревьях листья пожелтели, Если в край далекий птицы улетели, Если небо хмурое, Если дождик льётся – Это время года зовется. Входит Осень и здоровается с детьми.</p>	<p>Дети повторяют за воспитателем.</p> <p>Дети здороваются.</p> <p>Дети внимательно слушают и отгадывают загадку.</p> <p>Осень. Дети здороваются.</p>
<p>Организационно-поисковый</p>	<p>Осень: -Сейчас какое время года? -А ,кто назовет осенние месяца? -А ,осенью в огороде что поспевает? -А, теперь давайте послушаем стихи про овощ и фрукт. Молодцы, ребята. Спасибо. Ребята, мне пора уходить в лес меня там заждались и чтобы вы не скучали, я оставляю красивые листочки с заданиями. До свидания! 1. Дидактическая игра «Загадки». 1.Круглое, румяное, Оно растёт на ветке. Любят его взрослые, И маленькие детки</p> <p>2. Я длинный и зелёный, вкусен я солёный, Вкусен и сырой. Кто же я такой?</p> <p>3. Красна девица Сидит в темнице, А коса на улице.</p> <p>4. Семьдесят одежек, А все без застёжек. Кто любит щи - Ее в щах ищи.</p>	<p>Осень. Сентябрь, Октябрь, Ноябрь. Овощи и фрукты. Ир Сэн Если чаще есть морковь Не нужны и тренировки Каждый день пей сок морковный- Будешь сильным и здоровым.</p> <p>Николь Осень добрая пришла , Нам подарки принесла: Яблоки душистые , Персики пушистые, Груши золотистые осень принесла. Дети внимательно слушают и отгадывают загадку. Берут муляж фруктов и овощей,показывают их. (Яблоко) (Огурец) (Морковь) (Капуста)</p> <p>Дети прощаются с Осенью.</p>

	<p>2.Фланэграф: «Огород и Сад». Дидактическая игра «Овощи и фрукты». -Скажите мне ребята, где растут овощи? -А где растут фрукты? -Где вы видели фруктовые деревья и грядки с овощами? -Осень принесла вам овощи и фрукты, и она их перепутала, их нужно будет правильно наклеить на картину. -А помогут нам в этом картинки-помощники (на одной картинке нарисован сад, на другой – огород). Физкультминутка. «Капуста». Мы капусту рубим ,рубим Мы морковку трем ,трем, трем Мы салатик солим, солим Мы салатик мнем, мнем, мнем Теперь готовую соленую капусту мы положим в кастрюлю и будем кушать всю зиму. 4.Игра «Угадай на вкус». Воспитатель завязывает ребенку платочком глаза и дает попробовать кусочки овощей и фруктов, наколотых на зубочистки.</p> <p>Воспитатель: -Для чего мы едим овощи и фрукты? -Что есть в овощах и фруктах? Чтобы быть сильным, что нужно делать для этого? -Конечно же зарядка укрепляет наше здоровье .</p> <p>4.Пазлы «Овощи и Фрукты»</p> <p>5.Игра «Фруктовые шашлычки». На шпажки мы будем нанизывать нарезанные кусочки фруктов.</p> <p>Т.Б при работе со шпажками. (Медленная музыка).</p>	<p>Овощи растут на грядке. Фрукты на дереве. На даче, в саду.</p> <p>Дети слушают внимательно. Дети поочередно берут овощи и фрукты и наклеивают на фланэграф.</p> <p>Дети выполняют действие за воспитателям. Пересыпают капусту Добавляют морковку Солят и мнут. Вытирают руки салфеткой. Дети закрывают глазки и определяют на вкус, что они попробовали.</p> <p>Чтобы быть здоровыми. В них много витаминов. Заниматься спортом.</p> <p>Дети собирают разрезные пазлы. Дети выполняют последовательность воспитателя.</p> <p>По окончании работы дети рассматривают готовые шашлыки, и угощаются ими.</p>
<p>Рефлексивно-корректирующий</p>	<p>Подведение итогов занятия: - Что мы сегодня делали? -Зачем нужны овощи и фрукты?</p>	<p>Ответы детей .</p>

Ожидаемый результат:

Знать: элементарные представления о некоторых растениях родного края.

Уметь Распознавать и называть некоторые овощи и фрукты.

Иметь: интерес к предметам явлениям живой и неживой природы.

Орманова Зинаида Нуралиевна
Тәрбиеші, педагог-зерттеуші
МКҚК №40 «Нұрлан» бөбекжай-бақшасы
Шымкент қаласы



«ДЫБЫСТАР ӘЛЕМІ»

Міндеті: сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Сөйлем сөздерден тұратынын түсіну.

Әдіс-тәсілдер: топқа бөлу, сұхбат әдісі, ойын, ақпараттық қатынастық технологиясы, кері байланыс.

Көрнекі құралдар: түрлі-түсті шеңбер, қызыл, көк асықтар, теледидар, әріптер, кірқыстырғыштар, тапсырмалар т.б.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы:

Ұйымдастырушылық кезең:

Шаттық шеңбері: «Біздің шаңырақ»

Атамнан басталар,

Әжеммен қосталар.

Отбасым мыналар:

Ең жақын адамдар.

Әкем мен анам бар,

Бір туған ағам бар,

Бір туған әпкем бар....

Бәрін жақсы көремін

Еркелеймін, еремін!

Ән салуға барамыз,

Досымызды табамыз.

Сәлемет пе, міне мен!

Доспын енді сенімен.

Балалар, көңіл-күйлерің қалай? Бүгін бізде керемет күн, себебі, сауат ашудан қорытынды ұйымдастырылған іс-әрекет. Біз сендермен дыбыстар әлемі жайында өтеміз.

Ойын: «Көңілді шеңбер» (түрлі-түсті шеңбер)

Ойлап тек қойма,

Ойланып ойна!

Жетелер сені

Ойын да ойға. (өлең жолдарын айтып, шеңбермен жүріп тоқтайды.)

1. Апта дәйексөзін айтып өтейік:

«Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді» (Ленардо да Винчи)

2. Қазақ әліппесінде неше әріп бар?

3. Әріпті біз не істейміз?

4. Дыбысты біз не істейміз?
5. Дыбыстар нешеге бөлінеді?

Негізгі кезең:

Ойын: «Дауысты ма, дауссыз ба?» *(теледидар, қызыл, көк түсті асықтар)*

Балалар, мен сендерге теледидардан әріптерді көрсетемін, сендер сол әріптің дауысты, дауссыз дыбыс екендігін алдарыңда тұрған асықтардың көмегімен көрсетесіңдер.

Ғажайып сәтке қоян келеді *(есікті қағады, көңіл-күйі жоқ)*

-Балалар, қараңдаршы бізге қонаққа қоян келіпті. Сәлеметсің бе, қоян саған не болды? Неге көңіл-күйің жоқ?

Қоян: Сәлеметсіңдер ме! Менің де мектепке барғым келеді, бірақ әріп, дыбыстарды білмеймін. Не істеймін?

-Қоян сен көңіліңді түсірме, біздің балалар саған көмектеседі, сен де үйреніп мектепке барасың.

Қоян: *(қуанады)* Рас па? Маған көмектесесіңдер ме балалар?

«Қай дыбыстан басталады?» ойыны арқылы топқа бөлу. «А», «Б», «Е», «Т»

-Балалар, мына шеңбердегі суреттер арқылы 4 топқа бөлінейік. Суреттерді таңдап алып қай дыбыстан басталатынын айтып, сол әріп жазылған топқа барамыз.

1-«А» тобының тапсырмасы: **«Қай әріптен басталады?»**

2-«Б» тобының тапсырмасы: **«Мен сөйлем құрай аламын»**

3-«Е» тобының тапсырмасы: **«Дыбыстық талдау»**

4-«Т» тобының тапсырмасы: **«Буындарды анықта»**

Балаларға топтардың тапсырмаларын түсіндіру. Балалар тапсырмаларын орындайды.

Сергіту сәті: «Соқыр теке» ұлттық ойыны

-Балалар, сендер тапсырмаларыңды керемет орындадыңдар, енді барлығымыз бірігіп, қоянға әріп, дыбыстарды үйрену үшін кітап жасап берсек, қалай қарайсыңдар?

Шығармашылық сәт: «Кітап беттеріндегі әріптер»

(балалар жабыстыру, бояу, мүсіндеу арқылы жұмыс жасайды)

Қоян кітапты алып, балаларға алғыс білдіріп, қоштасып шығып кетеді.

Қорытынды кезең:

«Сұхбат» әдісі бойынша қорытындылау.

-Балалар, бүгін біз не істедік?

-Қонаққа не келді?

-Балалар, сендерге бүгінгі тапсырмалар ұнады ма?

-Қай тапсырма ұнады?

«Бағдаршам» кері байланысын жүргізу.

Ойынменен өседі,

Ойымыз бен санамыз.

Қол ұстассақ бәріміз,

Жарасады сәніміз.

Көріскенше күн жақсы,

Сау болыңыз бәріңіз!

Камбарова Гульзира Найранбековна
Тәрбиеші, педагог-сарапшы
МКҚК №40 «Нұрлан» бөбекжай-бақшасы
Шымкент қаласы



«ҚЫЗЫҚТЫ МАТЕМАТИКА»

Міндеті: 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. "Қанша?", "Нешінші?" сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру. 10 көлеміндегі сандарды салыстыру. Геометриялық фигураларды (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.

Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап әдісі, топқа бөлу, ойын, ғажайып сәт, ақпараттық қатынастық технологиясы, кері байланыс.

Көрнекі құралдар: теледидар, цифрлар, пішіндер, тапсырмалар т.б.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы:

Шаттық шеңбері:

Ойын: «10-ға дейінгі цифрлардан секір»

(балалар 10-ға дейін санап, бір қатармен кіреді, шеңберге тұрады)

Күлімдеген күніміз,

Жарқын шықты үніміз.

Жиналайық шеңберге

Жылу алып кел бірге.

Шаттанамыз, күлеміз

10-ға дейін білеміз.

Енді, достар әрқашан,

Бәрін санап жүреміз.

«Ыстық доп» ойыны бойынша сұрақ-жауап әдісі.

1. Апта дәйексөзін кім айтып береді?

«Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді» (Ленардо да Винчи)

2. Бір аптада неше күн бар?

3. Кеше қандай күн болды?

4. Бүгін қандай күн?

5. Ертең қандай күн болады?

Негізгі кезең:

Ғажайып сәт: Математика ханшайымы кіреді. *(сиқырлы дыбыс шығады)*

-Балалар, мына дыбысты естіп тұрсындар ма? Бізге қонақ келген сияқты.

Математика ханшайымы: Сәлеметсіңдер ме балалар, мен – Математика ханшайымымын. Сендерге математика елінен қызықты тапсырмалар ала келдім, себебі математика әлемі өте қызықты және ғажап. Тапсырмаларды жақсы орындаған балаларға сыйлығым бар.

-Сәлеметсіз бе, біздің балалар математиканы өте жақсы көреді және сіздің

тапсырмаларыңызды қуана-қуана орындайды, солай емес пе, балалар?

Ойын: «Пішінді ата» (теледидардан тамашалау, 4 топқа бөліну)

-Балалар, теледидарға қарап пішіндерді атайықшы. Ал енді балалар, 4 топқа бөлініп тапсырмаларды орындайық. Мына пішіндерді алып, сол пішін тұрған топқа барамыз.

Ойын: «Адасқан сандар» (музыкамен)

-Балалар, сандар адасып кетіпті, санды алып музыка ырғағымен билейміз, музыка тоқтағанда 1-ден 10-ға дейін рет-ретімен орналастырамыз. Тура, кері санаймыз.

1-топтың тапсырмасы: **«Бәйге» ойыны**

2-топтың тапсырмасы: **«Пицца» ойыны**

3-топтың тапсырмасы: **«Сандар үйшігі» ойыны**

4-топтың тапсырмасы: **«Сикырлы пішіндер» ойыны**

Математика ханшайымы: Жарайсыңдар балалар, тапсырмаларды өте жақсы орындадыңдар, енді сендерді мектепке күтемін. Көріскенше, сау болыңдар! (сыйлығын береді, шығып кетеді)

Қорытынды кезең:

-Бүгінгі іс-әрекетте не істедік?

-Қандай ойындар ойнадық?

-Қай тапсырма сендерге ұнады?

-Қонаққа кім келді?

«Керуен» кері байланысын жүргізу.

Ажибаева Акбота Батырханқызы
Тәрбиеші, педагог-модератор
МКҚК №40 «Нұрлан» бөбекжай-бақшасы
Шымкент қаласы



ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУҒА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТ ҮЛГІЛЕРІ

Мектепке дейінгі ұйымдарда қолдануға болатын, қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталған арнайы ойын технологиялары негізінде құрылған ұйымдастырылған іс-әрекет (ҰІӨ) үлгілері ұсынылады. Іс-әрекет үлгілері нақты педагогикалық мақсаттарға бағытталып, балалардың жас ерекшеліктері мен сөйлеу даму деңгейі ескеріле отырып құрастырылған.

Ұсынылған іс-әрекеттер баланың тілдік белсенділігін арттыру, өз ойын нақты әрі еркін жеткізу, тыңдай білу, сұрақ қою, жауап беру, диалог пен монологтық сөйлеуді қолдану сияқты коммуникативтік біліктерін дамытуға арналған. Сонымен қатар, олар әлеуметтік өзара әрекеттесуге, бір-бірін тыңдау, түсіну және келісуге үйретуге бағытталған.

Іс-әрекет барысында қолданылатын ойын технологиялары – баланың сөйлеуге деген ішкі ынтасын оятып, қарым-қатынасқа тартудың табиғи әрі тиімді тәсілі. Бұл ойындарда тіл – үйретілетін құрал емес, нақты әрекеттегі қатынас құралы ретінде қарастырылады. Сондықтан

іс-әрекет құрылымында ойынның мазмұны мен мақсаты, құралдары, балалардың белсенділігі мен сөйлеу әрекеттерін іске қосу тетіктері нақты көрсетіледі.

Ұсынылған үлгілер педагогтерге ұйымдастырылған іс-әрекетті тиімді жоспарлауға, мазмұнын байытуға, сөйлеу және қарым-қатынас міндеттерін ойын арқылы іске асыруға нақты әдістемелік бағыт береді. Бұл балалардың тек сөйлеу қабілетін ғана емес, сонымен қатар тұлғалық, эмоциялық және әлеуметтік дағдыларын кешенді дамытуға мүмкіндік жасайды.

Ұйымдастырылған іс-әрекет №1

Тақырыбы: «Мен кімін?»

Жасы: 2–3 жас

Мақсаты: Баланың өзін таныстыруы, есімін айту, қарапайым сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру.

Құралдар: Айна, бала суреттері, жұмсақ ойыншықтар.

Барысы:

1. Тәрбиеші әр баладан «Сен кімсің?» деп сұрайды. Бала «Мен — Әли», «Мен — Айзада» деп жауап береді.

2. Айнаға қарап, бала өз бейнесі туралы айтады.

3. Жұмсақ ойыншықпен амандасып, «Сен кімсің?» деп сұрау ойыны өткізіледі.

Нәтиже: Бала өз есімін айту, сұраққа жауап беру, қарапайым сөйлеу үлгісін меңгереді.

Ұйымдастырылған іс-әрекет №2

Тақырыбы: «Қонаққа барғанда»

Жасы: 4–5 жас

Мақсаты: Сөйлеу мәдениетін, сәлемдесу және танысу дағдыларын дамыту.

Құралдар: Рөлдік киімдер, үстел, тағам муляждары, қонақжай жабдықтары.

Барысы:

1. Сюжеттік жағдай құрылады: «Біз қонаққа барамыз».

2. Балалар рөлдерге бөлінеді: қонақ, үй иесі.

3. Балалар бір-бірімен амандасып, өзін таныстырады, үстел басында сөйлеседі.

Нәтиже: Қарым-қатынас мәдениеті, сөйлеу этикеті, өз ойын түсінікті жеткізу дағдысы дамиды.

3.2 Тілдік және эмоционалдық қарым-қатынасқа арналған жаттығулар

Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін тілдік және эмоционалдық қарым-қатынасты қалыптастыру — тұлғалық дамудың маңызды әрі іргелі негізі болып табылады. Бұл жаста бала тек сөздік қарым-қатынас арқылы ғана емес, сонымен қатар мимика, дауыс ырғағы, ым-ишара, дене қимылы арқылы өз ойын, сезімін, көңіл күйін жеткізуді үйренеді. Яғни, вербалды және вербалды емес коммуникация құралдарын қатар меңгереді.

Эмоциялық дамыған бала өз күйін тануға, оны реттеуге және қоршаған ортамен үйлесімді қарым-қатынас жасауға қабілетті болады. Ал тілдік дағдылары дамыған бала — өз ойын жүйелі, түсінікті және мәдениетті түрде жеткізе алатын тұлға ретінде қалыптасады. Осы екі бағыттың қатар дамуы — болашақта баланың мектепке бейімделуін, құрдастарымен және ересектермен сәтті өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін маңызды алғышарттардың бірі.

Осыған байланысты тілдік және эмоционалдық қарым-қатынасты дамытуға арналған жаттығулар келесі міндеттерді көздейді:

- баланың сөздік қорын байыту;
- сезімін сөзбен жеткізуге үйрету;
- дауыс ырғағын, мимиканы орынды қолдану;
- тыңдай білу және басқаның сезімін түсіну;
- диалог жүргізу мәдениетін қалыптастыру.

Бұл жаттығуларды күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекетінде, таңертеңгілік жиын кезінде, еркін ойын сәттерінде немесе арнайы жеке және топтық жұмыс барысында қолдануға болады. Олар балалардың тілдік белсенділігін арттырып қана қоймай, эмоционалдық зиятын, эмпатиясын, әлеуметтік бейімделу қабілеттерін де дамытуға бағытталған.

3.3 Сюжеттік-рөлдік ойындар топтамасы

Сюжеттік-рөлдік ойындар — мектепке дейінгі балалардың тілдік және коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудағы ең тиімді және кеңінен қолданылатын ойын түрлерінің бірі. Бұл ойындарда бала күнделікті өмірдегі түрлі жағдаяттарды елестетіп, нақты әлеуметтік рөлдерге еніп, өзара қарым-қатынас орнатуға тырысады. Мұндай ойындар — баланың тіл арқылы басқа адаммен әрекеттесуге деген табиғи қажеттілігін қанағаттандыратын, сөйлеуге мотивация тудыратын әрекет.

Сюжеттік-рөлдік ойындарда бала дәрігер, аспаз, сатушы, мұғалім, ана, жолаушы, қонақ, т.б. рөлдерді өздігінен немесе педагогтің бағыттауымен орындай отырып, сол рөлге тән сөз тіркестері мен сөйлеу үлгілерін қолданады. Бұл тілдің мағынасын түсініп, орынды және мәнерлі қолдануға мүмкіндік береді. Баланың ойлау, елестету, жоспарлау, себеп-салдарлы байланыстарды құра білу қабілеттері де осы ойындарда дамиды.

Мұндай ойындарда тіл — басты құрал. Себебі бала рөлін сөзбен сипаттап, әрекетін айту арқылы нақты жағдаятты бейнелейді. Сонымен қатар, ол басқа ойыншылармен келісуге, сұрақ қоюға, жауап беруге, түсіндіруге, өтініш жасауға, алғыс айтуға және кешірім сұрауға үйренеді. Осындай қарым-қатынас модельдері арқылы бала нақты өмірде кездесетін сөйлесу тәжірибесін ойын түрінде меңгереді.

Сюжеттік-рөлдік ойындар:

- тілдік белсенділікті арттырады;
- байланыстырып сөйлеуді дамытады;
- қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырады;
- әр баланың сөйлеуге деген сенімін арттырады;
- эмоцияны сөзбен жеткізуге үйретеді;
- бір-бірін тыңдау, келісу, жауапкершілікпен әрекет ету дағдыларын дамытады.

Ойын барысында бала тек өз рөлін орындап қоймай, сонымен бірге топ ішінде өз орнын табуға, серіктесімен келісімге келуге, сөйлесу кезегін сақтауға және қарым-қатынасты мәдениетті түрде ұйымдастыруға машықтанады. Сондықтан сюжеттік-рөлдік ойындар педагогикалық тұрғыда дұрыс ұйымдастырылған жағдайда баланың дамуына жол ашады.

1. «Дүкенде»

Жасы: 4–5 жас

Мақсаты: Сатушы мен сатып алушы арасындағы диалогты үйрету, сәлемдесу, өтініш білдіру, алғыс айту дағдыларын дамыту.

Рөлдер: Сатушы, сатып алушы, кезек күтіп тұрғандар.

Құралдар: Ойыншық тағамдар, сөре, ақша муляждары, пакеттер.

Сөйлеу үлгілері:

- Сәлеметсіз бе!
- Не керек еді?
- Маған алма беріңізші. – Рахмет! Сау болыңыз!

Нәтиже: Диалог жүргізу, сұрақ-жауап құрылымын меңгеру, әлеуметтік сыпайылық нормаларын қолдану.

2. «Емханада»

Жасы: 3–4 жас

Мақсаты: Медицина қызметкері мен науқас арасындағы қарым-қатынас үлгілерін меңгерту.

Рөлдер: Дәрігер, медбике, науқас, күтуші.

Құралдар: Стетоскоп, шприц, дәке, ойыншықтар.

Сөйлеу үлгілері:

- Сәлеметсіз бе! Сіздің қай жеріңіз ауырып тұр?
- Басым ауырып тұр.
- Жаттығу жасайық, дәрі ішіңіз.

Нәтиже: Сезім-күйді білдіретін сөздерді қолдану, ауызша нұсқауды орындау, тыңдау қабілетін дамыту.

Кадырова Венера Равильевна
Музыкальный руководитель, педагог-исследователь
ГККП ясли сад №40 "Нурлан"
г. Шымкент



МУЗЫКА И РИТМ КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ ДОШКОЛЬНИКОВ В УСЛОВИЯХ ДЕТСКОГО САДА

Аннотация

В статье раскрывается значение музыки и ритма в развитии детей дошкольного возраста. Подчеркивается роль музыкально-ритмических игр и современных методов, включая боди-перкуссию. Рассматриваются педагогические приёмы, направленные на развитие внимания, памяти, координации движений и творческого потенциала ребёнка.

Ключевые слова: музыка, ритм, дошкольное образование, музыкальное воспитание, боди-перкуссия, музыкально-ритмические игры.

Введение

Музыка является важным средством гармоничного развития ребёнка. В дошкольном возрасте музыкальные занятия особенно значимы, так как способствуют становлению эмоциональной сферы, развитию памяти, внимания, воображения и творческих способностей. Центральное место занимает ритм – универсальный компонент, который помогает ребёнку лучше понимать и воспринимать музыку, согласовывать движения, выразить чувства.

Значение ритма для дошкольников

Ритм в детской деятельности выполняет несколько функций:

- развивает слуховое восприятие и чувство темпа;
- формирует двигательные навыки и координацию;
- помогает овладевать речью через слоговой и звуковой ритм;
- способствует развитию памяти и внимания;
- создаёт условия для коллективного взаимодействия.

Ритм для ребёнка – это не только музыкальное явление, но и средство познания мира, так как через движение и звук он учится ориентироваться в пространстве и во времени.

Формы музыкально-ритмической деятельности в детском саду

Музыкально-ритмические игры

Игры с ритмом помогают детям в игровой форме усваивать основные музыкальные закономерности.

Например:

- «Передай хлопок» – развитие внимания и темпа;
- «Отстучи ритм» – слухо-моторная координация;
- «Музыкальные стулья» – умение слышать паузы и быстро реагировать.

Движения под музыку

Простые шаги, маршировка, прыжки, покачивания, притопывания помогают детям «прочувствовать» ритм телесно, согласовать слуховое восприятие с двигательными реакциями.

Игра на шумовых инструментах

Использование бубнов, маракасов, барабанов позволяет детям быстрее осваивать ритмические рисунки и вовлекает их в ансамблевую деятельность.

Боди-перкуссия

Боди-перкуссия (body percussion) – это использование собственного тела как музыкального инструмента. Для детей это естественный и увлекательный способ игры со звуками.

Примеры упражнений:

- «Хлопай-топай» – чередование хлопков в ладоши и топов ногами.
- «Щелчок-ладонь-плечо» – последовательность движений, развивающая память.
- «Эхо» – педагог задаёт ритм, дети повторяют.
- «Оркестр тела» – деление группы на «инструменты» (одни хлопают, другие щёлкают, третьи топают).

Значение боди-перкуссии:

- развитие чувства ритма;
- улучшение координации движений;
- формирование внимания и слуховой памяти;
- эмоциональная разрядка и создание позитивной атмосферы.

Танцевальные импровизации

Танцевальные этюды и мини-сценки помогают детям творчески выразить себя. Например: движения «как птички», «как медвежата», подражание дождю или ветру.

Роль педагога

Музыкальный руководитель выступает проводником в мир ритма и музыки. Его задача – создать атмосферу радости и творчества, в которой каждый ребёнок будет чувствовать себя успешным.

Важно:

- поддерживать инициативу детей;
- поощрять импровизацию;
- сочетать традиционные и современные методы (игры, инструменты, боди-перкуссии).

Заключение

Музыка и ритм в детском саду являются не только элементом художественного воспитания, но и важнейшим фактором психофизического развития ребёнка. Использование боди-перкуссии и музыкально-ритмических игр позволяет педагогам эффективно развивать у детей чувство ритма, внимание, двигательную координацию и творческие способности. Музыкально-ритмическая деятельность формирует у дошкольников положительный эмоциональный настрой, сплачивает коллектив и создаёт основу для дальнейшего успешного обучения.

Нуржанбаева Улжалгас Оралбаевна
Тәрбиеші, педагог-зерттеуші
МКҚК №40 «Нұрлан» бөбекжай-бақшасы
Шымкент қаласы



«АҚ МАМАМ»

Мақсаты: Аналар мерекесімен бірге күннің нұрын төгіп келген көктем мерекесінің ерекшеліктерін атай отырып, табиғаттың жаңаруын, құлпыруын балаларға жеткізу. Ешқашан аналарын ренжетпеуге, қолғанат болуға, құрметтей білуге тәрбиелеу.

Балалар «Анашым» әні әуенімен қол ұстасып залға кіріп жартылай шеңбер болып тұрады.

1 Жүргізуші: Қымбатты аналар, қонақтар «Қошақан» I кіші тобының «Аяулы - анашым» атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер!

2 жүргізуші: Бүгін наурыздың 8 – і

Сұлулықтың негізі.

Әдемі сөз адамның,

Анаға айтар лебізі.

Сіздерді көктем айының алғашқы мерекесі 8 наурыз – аналар күнімен құттықтаймыз! Өрқашан дендеріңіз сау, көңілдеріңіз жайдарлы бола берсін! Кішкентай бүлдіршіндеріміздің өнерлерін тамашалауға рұқсат етіңіздер!

1 жүргізуші: Балалар қараңдаршы айнала қандай әдемі, қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: Көктем мезгілі.

2 жүргізуші: Дұрыс балалар, көктем мезгілінде күн жылынып, қар еріп, жылы жақтан құстар ұшып келеді, ағаштар бүршік жарады, табиғат сұлулана түседі.

1 жүргізуші: Көктем мезгілінің алғашқы мерекесі қалай Аналар күні! Қәне, балалар бәріміз бірге аналарымызға арнап ән айтып берейік.

Ән: «Құттықтаймын мама»

2 жүргізуші: Біздің балалар әнмен қатар тақпақты да айта алады. Аналарымызға арнаған тақпаққа кезек берейік.

Тақпақтар

Ақ сүт берген анашым,
Ақылды менің данашым.

Аделя

Жақсы көрем күлкіңді,
Айналайын ақ мамам.
Менің анам сүйкімді,
Бәрінен де жақсы адам.

Ж. Айару

Бал бөбегін баптаған,
Анамменен мақтанам.

Айғаным

Ақ бетіңнен сүйейін,
Келші, келші аұ мамам.

Айлана

Ана біздің күніміз,
Ана біздің гүліміз.

Осман

1 жүргізуші: Жарайсыңдар! Тыңдандаршы балалар ана жақта «Мама, мама» деген дауыс естіледі.

2 Жүргізуші: Бұл не дыбыс? Кім екен мамасын жоғалтқан?

Залға қоян кіреді.

Қоян: Мама, мама! Мамамның артынан секіріп келе жатыр едім. Адасып қалдым. Енді қайдан табамын? /жылайды/

1 жүргізуші: Қоянжан неге жылайсың, жылама. Біз саған мамаңды тауып береміз. Балалар қоянжанның мамасын тапқанша сендер қоянның көңілін көтеру үшін би – билеп берейік.

Би: «Қуыршақтар»

2 жүргізуші: Қоянжанның көңіл күйі әлі жоқ. Ендеше ән айтсақ көңіл күйі көтерілер.

Ән: «Жаңбыр»

Түлкі кіреді: Мен ешкімнен қорықпаймын. Мен бәрін де алдаймын. Қоянның қасына келіп: Қоян, сен неге жылайсың?

Қоян: Мен мамамды жоғалтып алдым.

Түлкі: Мамаң қандай?

Қоян: Менің мамам бәрінен де сұлу, әдемі.

Түлкі: Өтірік айтпа, менің мамам бәрінен әдемі. Ең әдемі менің мамам. (артына қарайды. Мамасы жоқ) Ой, менің мамам қайда? (Басын ұстайды). Мен мамамды жоғалттым. (Екеуі жылайды.)

1 жүргізуші: Екеуінде жыламаңдар сендердің мамаларың әдемі, сұлу. Мамаларыңды тапқанша біздің балалар көңілдерінді көтеріп ойын ойнап алыңдар.

Ойын: «Кім тез гүл тереді»

Ұлдар гүлдерді бір – бірлеп себетке салады, қыздар құмыраға салып екі топ болып жарысады. Қай топ көп жинаса сол топ жеңімпаз атанады.

Музыкалық әуенмен аю келеді: Бұл не шу, ұйқымнан ояттыңдар ғой.

2 жүргізуші: Аюжан ренжемеші мында қоян мен түлкі мамаларынан адасып қалыпты. олар жылай береді. Біздің балалар көңілдерін көтеру үшін ойын ойнаған болатын.

Аю: Ааааа. Ал, мамаларың қандай еді?

Екеуі: Сұп – сұлу, әп - әдемі!

Аю: Жоқ, жоқ, жоқ, менің мамам әдемі.

«Жоқ, менің мамам әдемі.», - деп үшеуі дауласады.

1 жүргізуші: Қәне дауласпаймыз. Бәріңнінде мамаларың әдемі, сұлу. Сендердің көңілдерің түспесін келіндер оданда біздің балалардың әжелеріне арнап жаттаған тақпақтарын тыңдаңдар.

Тақпақтар

Әжені де ардақтап,

Әдеппен бас иеміз.

Немерені өсіріп,

Ұзақ өмір сүріңіз.

Раяна

Шәй қайнатып береді.
Біздің үйдің бәріне.

Дарина

Әжем менің әліде,
Ұқсамайды кәріге.
Барған сайын мен үшін,
Кәмпит алып келеді.

Алан

Сильная красивая,
Мама у меня.
Умная и милая,
Я люблю тебя.

1 жүргізуші: Ал енді біздің аяулы асыл әжелеріміздің құрметіне ұлдарымыздың дайындаған биін қабыл алыңыздар.

Би: «әжелер» (ұлдар)

Осы кезде ару көктем келеді.

Ару көктем: Саламатсыздар ма, балалар! Менімен бірге күн жылынып, айнала сұлуланып нұрланып тұр. Сендер неге шулап жатырсыңдар.

Ой , менің ормандағы достарым мында екен ғой.

2 жүргізуші: Тоқтаңыз көктем , біздің балалар 8 наурыз Аналар мерекесін тойлап жатырмыз.Біздің балалардың сізге арнап жатпаған әні бар, биі бар қабыл алыңыз.

Ән: «Көктем»

Би: «Тәттілер» (қыздар)

1 жүргізуші : Барлығымыз бірге бойымызды сергітіп алайық.

Ән: «Бір оңға, бір солға»

Ару көктем: Рахмет балалар ,көңілімді көтердіңдер.Мен сендерге өзімнің сыйлығымды ала келдім.Енді мен достарымды Түлкіжан,Аюжан,Қоянжанды мамаларына апарайын. Сау болыңдар , балалар!

Ару көктем, түлкі, қоян, аю барлығы музыка әуенімен шығып кетеді.

2 жүргізуші: Кейде осындай айтқанды тыңдамай, мамасынан адасып кететін балалар кездеседі. Бірақ, біздің арамызда ондай бала жоқ. Біздің балалар мамаларының айтқанын тыңдайды,сыйлап, құрметтеп жүреді.

1 жүргізуші: Дұрыс айтасын, біздің балалар тәртіпті!. Міне бүгінгі ертеңгілігіміз де аяқталып қалды. Аналарыңа, әжелеріңе өз қолымен жасаған сыйлықтарыңды беретін сәтте келді. Балалар аналарына сыйлықтарын ұсынады.Сау болыңыздар!

Каленова Жанар Накиповна
Тәрбиеші, педагог-зерттеуші
МКҚК №40 «Нұрлан» бөбекжай-бақшасы
Шымкент қаласы



АНДАР

Ұйымдастырылған іс - әрекет

Мақсаты: Жабайы жануарлардың кейбір ерекшеліктерін салыстыру: мекені, қоректенуі туралы түсінік беру. Балалардың ой өрісін дамыту. Аңдарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

Міндеттері: Қоршаған орта, өсімдіктер, аңдар, құстар, аңдардың қоректенуі, мекен ету ортасы сөздерімен толықтыру. **(тіл дамыту)**

Шеңбер құру арқылы дене қозғалысына түсу. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өзбетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. **(дене тәрбиесі)**

Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау. **(қоршаған әлеммен таныстыру)**

Қолданылатын көрнекі-құралдар: суреттер, қарындаштар, нақыл сөздер, өлең шумақтары, бейнебаян, мақал-мәтелдер

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: түсіндіру, сұрақ-жауап, ойын

Іс-әрекет барысы:

I. Кіріспе бөлім

Сәлемдесу

Менде де жақсылық

Сенде де жақсылық

Менде бақыт, сенде бақыт

Менде мейірім, сенде мейірім

Менде доспын, сенде доссың

Бәріміз доспыз.

Шеңбер құрастырып тұрады. Балалар шеңберге тұрып жылулық сезімін білдіреді. **(әлеуметтік эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру)**

Тәрбиеші: Балалар бүгінгі іс-әрекет алаңына мына суреттерді дайындап келдім байқадыңдарма?

Бұл ненің суреті?

Балалар: Иә, аңдардың суреттері

Тәрбиеші: — Жарайсыңдар балалар! Бұл суреттер емес, бұл суреттерде, сендерге арналған қызықты ойындар әзірленген. Ойнауға дайынсыңдарма? Олай болса осы суреттерді аша отырып, ойын шартын тыңдап алайық

Балалар: Иә, жарайды.

Бағыт: коммуникативтік дағдыларды дамыту

1-Ойын: «Жалғасын тап!» ойыннан басталады.

Ең айлакер аң... (түлкі)
 Ең қорқақ ... (қоян)
 Балды жақсы көретін... (аю)
 Аң патшасы... (арыстан)
 Мысыққа ұқсайтын аң...(жолбарыс)
 Ең ұзын мойын...(керік)
 Қораға шабатын аң...(қасқыр)
 Ең ірі жануар...(піл)
 Үстінде тікенегі бар...(кірпі)

Бағыты: Танымдық-зияткерлік дағдысын дамыту

Шарты: аудио арқылы ойын оқылады, балалар жауап береді, жылдам, дұрыс жауап берген бала жеңіске жетеді.

Тәрбиеші: Келесі қандай ойын екенін білу үшін суреттерді ала отырып, ойын шартын біліп алайық

2-Ойын: «Суретпен жұмыс»




Бұл жануарларды балалар біз "**Жабайы аңдар**" деп айтамыз. Жабайы аңдар елсіз далада болады. өз азығын өзі тауып жейді. Ол күннің суығында да, ыстығында да далада жүріп өмір сүреді. Табиғатта жабайы аңдардың түрі көп. Олардың ішінде пайдалысы да, зияндысы да бар.

Бағыт: Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту

Шарты: Видеобаян арқылы жабайы аңдар туралы ақпарат беріледі.Қонаққа сұхбат алуға тілші келеді. Ол балалардан жабайы аңдар туралы сұхбат алады.

Тәрбиеші: Келесі қандай ойын екенін білу үшін суреттерді ала отырып, ойын шартын біліп алайық

3-Ойын: "Мекенін тап" ойыны




Бағыт:Физикалық қасиеттер, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту

Шарты:тәрбиеші жеке аңдардың суреттерін балаларға таратып береді. Ал тақтада сол аңдардың үйлері бейнеленген плакат тұрады. Балалар аңдардың өзіне тиісті үйлерін тауып қояды.

Тәрбиеші:Жарайсындар, балалар! ойындары сендерге ұнады ма?

Бүгін барлықтарың ойынға белсене қатыстындар.Іс-әрекетімізді аяқтаймыз, көңілді ойындарымызды еркін ойын аймақтарында жалғастырамыз

Мусакова Алия Кумисбековна
Тәрбиеші, педагог-зерттеуші
МКҚК №40 «Нұрлан» бөбекжай-бақшасы
Шымкент қаласы



МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҰСАҚ ҚОЛ МОТОРИКАСЫН ЖӘНЕ ШЫҒАРМАЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫ

Аннотация

Бұл мақалада мектепке дейінгі жастағы балалардың ұсақ моторикасын дамыту мәселесі жан-жақты қарастырылады. Автор ұсақ моториканың баланың сөйлеу, танымдық, шығармашылық және өзін-өзі күту дағдыларының дамуына тікелей әсер ететінін атап өтеді. Саусақ ойындары, сурет салу, жырту, жабыстыру, мозаика, шнуровка, сұрыптау, конструктормен ойнау сынды ойын түрлері мен жаттығулар ұсақ моториканы тиімді дамыту құралы ретінде сипатталады. Сондай-ақ мақалада ұсақ моторика арқылы баланың танымдық үдерістерін, зейінін, қиялын, есте сақтау қабілетін жетілдіруге болатыны дәлелденеді. Тәрбиешілер мен ата-аналарға арналған ұсыныстар мен әдістер жүйелі түрде берілген.

Кілт сөздер: *ұсақ моторика, мектепке дейінгі білім беру, саусақ ойындары, сөйлеу дамыту, графикалық дағдылар, саусақ гимнастикасы, психикалық даму, ойын арқылы оқыту, баланың танымдық қабілеттері, координация*

Мектепке дейінгі білім беру – оқытудың алғашқы сатысы. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында баланы тәрбиелеу мен дамытуға жағдай жасалған. Мұнда адамның болашақ өмірінің негізі қаланады, мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық, интеллектуалдық, физикалық, көркемдік, эстетикалық және шығармашылық дамуы қамтамасыз етіледі. Бұл жаста баланың алғашқы рухани құндылықтары, дүниетанымы мен кең ауқымды қызығушылықтары қалыптасады.

Қазір өмірдің бастапқы кезеңінде баланың қалай дамып жатқанын көрсететін, оның интеллектуалдық қабілеттерін көрсететін ұсақ моторика екені белгілі. Қол моторикасы нашар дамыған балалар қасықты, қарындашты ыңғайсыз ұстайды, түймелерді бекітіп, аяқ киімді баулай алмайды. Оларға конструктордың шашыраңқы бөліктерін жинау, басқатырғыштармен, санау таяқшаларымен және мозаикамен жұмыс істеу қиын болуы мүмкін. Олар модельдеу мен аппликациядан бас тартады, тобындағы балаларға ілеспейді. Балалар достары үшін қолжетімді қарапайым іс-әрекеттерде жиі өздерін жеткіліксіз сезінеді. Бұл баланың эмоционалдық жағдайына, оның өзін-өзі бағалауына әсер етеді.

Сондай-ақ мектепке дейінгі жаста ұсақ моториканы дамыту және қол қимылдарын үйлестіру жұмыстары балалардың сөйлеуін дамытудың, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастырудың және жазуға дайындаудың маңызды бөлігіне айналуы керек. Бала саусақтарын басқаруды қаншалықты ептілікпен үйренуіне, оның одан әрі дамуы байланысты. Ұсақ моториканы дамытумен қатар есте сақтау, зейін, сөздік қорлары дамиды.

Ұсақ моторика – бұл тек адамға ғана тән қол мен саусақтардың қимылдарын үйлестіру қабілеті. Бұл ерекше қабілетті өте ерте жастан мақсатты түрде үйрету керек, сондықтан мектепке дейінгі жастағы балалардың ұсақ моторикасын дамыту тәрбиешілер мен ата-аналар үшін өзекті мәселе болып табылады.

Қолды виртуозды қолданбай, қасықты ұстауды, түймелерді бекітуді, жазуды, шілтерді, қайшыны пайдалануды және біз байқамайтын миллиондаған басқа әрекеттерді орындауды үйрену мүмкін емес. Оның үстіне қазіргі ғылымның арқасында адамның ұсақ моторикасы ана тілін меңгеру жылдамдығын анықтайтын сөйлеумен тікелей байланысты екенін білеміз.

Қолдың қозғалыс координациясын дамытудың ең көне және тиімді әдістерінің бірі, бүгінгі күнге дейін танымал болып қала беретін әдіс - саусақ ойындары. Қарапайым, бірте-бірте күрделене түсетін ойын барысында баланың миында психикалық дамудың негізі қаланады, ол кейіннен нәрестенің есте сақтау қабілеті мен зейініне, оның логикалық ойлау қабілетіне әсер етеді. Саусақтардың моторикасы жеткіліксіз дамыған баланың сөйлеуінде мәселелер ғана емес, ол психомоторлық дамудан да артта қалуы мүмкін.

Мектепке дейінгі жас аралықтарында бала түйме, бекіткіштермен жұмыс істей алады, заттарды кеңістіктерден өткізіп, пирамидаларды бөлшектеп, жинай алады, текшелерден мұнаралар салады, сурет салады, торттарды мүсіндей алады, қақпақтарды бұрап, жіпке моншақтарды тізіп және фигуралық ойындарды қолданып, тағы басқа әрекет түрлерін орындай алады. Бала осы жастан бастап тіпті нәрестеге арналған қауіпсіздік қайшысын қолдана бастайды. Баланың ойындары мен әрекеттері неғұрлым әртүрлі болса, оның қолдары мен саусақтарының дамуы соғұрлым жан-жақты болады. Бұл оған мүмкіндігінше көп ойыншық сатып алу керек дегенді білдірмейді, кез келген үйде осы мақсатқа қолайлы көптеген заттар оңай табылатыны анық.

Ойын процесіне балабақша тәрбиеленушілерін қызықтыру және тарту оңай, ойын неғұрлым қарапайым болса, соғұрлым жақсы.

«Ұлу» ойыны. Ең кіші жастағы балалар үшін бұл жаттығу сұқ саусақ пен ортаңғы саусақтарды түзу қалдырып, кішкентай екі саусақтарды бас бармақпен бүгілген күйде ұстап үйренуге көмектеседі. Бір қолды жұдырықпен қысып, 4-ші және 5-ші саусақтар бас бармақтың астында қалуы үшін одан 2-ші және 3-ші саусақтарды абайлап босату керек. Балаға бұл комбинацияны сақтауды жеңілдету үшін оны екінші қолдың алақанына сәл басып қоюға болады. Енді пальма жапырағында отырған ұлудың мүйіздерін бейнелейтін сұқ саусақ пен ортаңғы саусақтарды жылжыту уақыты келді.

«Көзілдірік» ойыны. Сақина жасау үшін бас бармақ пен сұқ саусақты біріктіру нәресте үшін оңай жұмыс емес. Бірақ, аздап жаттығып, ол өзі үшін импровизацияланған көзілдірік жасап, айналадағы көрінісін тамашалай алады. Бос қалған қалған үш саусақты құстың шоғырындай жайып салуға болады немесе күрделі фигураға бүктеуге болады, мұның бәрі қиялға және саусақпен басқару деңгейіне байланысты.

Баламен ойнау кезінде қиялды көрсету маңызды: бұл оның көңіл-күйін көтеруге көмектесіп қана қоймайды, сонымен қатар шығармашылық қабілеттер мен қиялды дамытуға ынталандырады.

Сурет салудың пайдасын асыра бағалау қиын, өйткені ұсақ моторикадан басқа:

- ойлау;
- фантазия;
- сұлулық сезімі;
- шығармашылық дағдыларды дамытады.

Көптеген ата-аналар баласының жазу нысанын дұрыс ұстағысы келмейтініне, оны жұдырығына қысып алатынына ренжіп жатады, бірақ мұндай ерте жаста бұл туралы алаңдаудың қажеті жоқ. Балаңызға сурет салуды қызықты және пайдалы ету үшін бірнеше кеңестер берілген.

Алғашқы тәжірибелер үшін құрал ретінде қауіпсіз балауыз қарындаштары қарындаштарға артықшылық береді, өйткені олар сынған кезде жазу қасиеттерін

жоғалтпайды. Сонымен қатар, олар әртүрлі қалыңдықтағы сызықтарды сызу үшін, сондай-ақ бүйір бетінде сызу үшін пайдаланылуы мүмкін.

Тұсқағазды балалар шығармашылығының ағынынан қорғау үшін балаға сурет салу үшін қажетті орын беру керек: мысалы, оған еденге салынған сурет қағазының бір бөлігін ұсыну. Жуынатын бөлмеде саусақпен немесе қарапайым бояулармен жұмысты ұйымдастыру ыңғайлы. Плиткамен қапталған қабырғаға немесе басқа қолайлы бетке ластанудан қорықпай сурет салуға болады.

Ұсақ моториканы дамытуға арналған көптеген іс-шаралар, ойындар мен жаттығулар бар. Ұсақ моториканы дамытуға арналған жаттығулар кешенін үш бөлікке бөлуге болады:

1. Саусақ гимнастикасы

Саусақ гимнастикасы - бұл баланың психикалық дамуына тікелей оң әсер ететін баланың саусақтарына арналған массаж және гимнастика. Бұл ретте манипуляциялар рифмаларға, ойындарға жүргізіледі және бүкіл дененің қимылдарымен бірге жүреді. Мұндай гимнастика мүмкіндік береді: үйлестіруді жақсартуға; зейінді бір әрекеттен екіншісіне ауыстыру; сөйлеу мен қозғалысты үйлестіру. Балабақшадағы 4-5 жас аралығындағы балаларға саусақ гимнастикасы өлең жолдары арқылы дыбыстың дұрыс айтылуын және есте сақтау қабілетін дамытуға көмектесетіні дәлелденген. Сонымен қатар, мұндай әрекеттер дененің барлық органдарымен байланысты акупунктура нүктелері орналасқан қолдың терісіне әсер етеді.

2. Түрлі заттарды пайдалана отырып саусақтар мен қолдарға арналған жаттығулар

Пластелинмен жұмыс - бұл мектеп жасына дейінгі балалардың ұсақ моторикасын дамытуға арналған тамаша әрекет. Бұл ұсақ моториканы дамытуға арналған өте пайдалы жаттығу.

Қағазға арналған жаттығулар.

1) бүктеу – қол күшін дамыту (содан кейін себетке алыстан лақтырылатын «допты» аласыз,

2) жырту (корреляциялық қозғалыстарды дамыту) - біз парақты екі қолдың саусақтарымен ұстап, әртүрлі бағытта тартамыз.

3) қағаз шарларынан аппликация жасау (қағазды мыжып, жолақтарға кесу, содан кейін жолақтарды төртбұрыштап бөлу, алақандағы әрбір шаршыны допқа айналдыру, шарлармен силуэт салынады - мысалы, мысық, қозы, бұлт).

Бұл кезеңде келесі ойын түрлері ұсынылады:

«Мозаика» ойыны. Ол перфорацияланған пластикалық өрістен және саңылауларға салынған түрлі-түсті суреттер жиынтығынан тұрады. Әдетте мозаикаға фигуралар үлгілері бар нұсқаулар қосылады, бірақ ұсақ моториканы дамыту үшін өз суреттеріңізді жинау пайдалы емес.

«Шнуровка». Бұл саңылаулары мен түрлі-түсті шілтерлері бар картон карталарының жиынтығы. Картонда жарқыраған суреттер бар, кейде ертегілер бар, шілтер оларды толықтыратындай етіп тесіктерден өткізілуі керек. Мозаика сияқты, кездейсоқ байлау рұқсат етіледі.

«Сұрыптау» ойыны. Бұл ойынға түрлі-түсті ұсақ заттардың кез келген шашырауы қолайлы - моншақтар, мозаикалық чиптер, бұршақ, дизайнерлік бөлшектер, макарон өнімдері, киім түйреуіштері - тізім жалғасуда. Мәселе - бүкіл үйінді түсі бойынша сұрыптау. Бұл әрекет ұсақ моториканы ғана емес, сонымен қатар табандылықты дамытады.

«Қаптаманы таңдау» ойыны. Бұл әртүрлі диаметрлі қақпақтары бар бірнеше кішкентай пластик бөтелкелер мен банкаларды қажет ететін үй ойыны. Балаға әрбір мойынға дұрыс қақпақты таңдау және оны бұрау ұсынылады.

«Конструктор» ойыны. Кез келген жастағы балаға қызықты әмбебап ойын. Ғимараттарды үлгі бойынша да, еркін түрде де салуға болады. Нәрестеге арналған конструкторды таңдағанда, бір талапты ескеру қажет: ол бөлшектердің өлшемі бойынша да, ол жасалған материалдың сапасы бойынша да «0+» санатына сәйкес келеді.

3. Графикалық дағдылармен жұмыс

Графикалық дағдыларды дамыту сызықтар, ирек жолдар, штрихтау сияқты жаттығуларды дамытуға көмектеседі.

Нүктелер бойынша сурет салу:

Балаға суреттің астындағы нұсқауларға сәйкес нүктелерді қосу ұсынылады. Тапсырмаларды келесідей орындау керек: қарындаш немесе қалам қағаз парағынан түспейді, парақ бекітіледі және оның орны өзгермейді.

Бояу жұмыстары:

Бала қолын жазуға дайындаудың қарапайым және тиімді әдісі - бояу кітапшалары. Сүйікті суреттерін бояй отырып, бала қолында қарындаш ұстауды үйренеді, қысым күшін пайдаланады. Бұл әрекет қолдың ұсақ бұлшықеттерін жаттықтырады, оның қозғалысын күшті және үйлесімді етеді. Түсті қарындаштарды пайдалану ұсынылады.

Сонымен қатар баланы мөлдір қағазға ұнаған суреттерін көшіруге шақыра аламыз. Ою-өрнектер сызу мен ою өте пайдалы, өйткені оларда қисық сызықтар көп, бұл - баланың қолына бас әріптерді жазуға жақсы дайындық.

Қажетті нәтижеге жету үшін балалармен жұмыс жүйелі болуы керек және келесі жұмыс формалары қолданылады.

- тәрбиешінің балалармен бірлескен іс-әрекеті. Мақсаттар енгізілген, оларды жүзеге асыру белгілі бір қабілеттерді дамыту логикасына сәйкес келетін балаларға арналған тапсырмалардың қатаң тізбегін жүйелі түрде орнатуды талап етеді.

- балалармен жеке жұмыс. Әлеуметтік дағдыларды, түрлі іс-әрекет түрлерін дамытуға арналған тапсырмалар қамтылған. Кішкентай адамның жеке басын құрметтеуге негізделген бала мен ересек адам арасындағы сенімді қарым-қатынас пен микроклимат құрылады.

- балалардың жеке еркін дербес әрекеті. Балалардың еркін әрекеті баланың қабілеттері мен қызығушылықтарына сәйкес келетін әрекетті еркін таңдайтын өзін-өзі дамытуға мүмкіндік береді.

Қорыта келгенде, барлық аталған компоненттер балалардың ұсақ моторикасын дамытуға және қозғалыстарды үйлестіруге, сөйлеуді дамытуға ықпал етеді. Жүйеде ұсақ моториканы дамытуға арналған ойындар мен жаттығуларды қолдану баланың физикалық және психикалық денсаулығын сақтап қана қоймайды, сонымен қатар оны қосымша оқу қиындықтарынан қорғайды, сөйлеу дағдыларын дамытуға және жазу дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Аманжолова, А.Ш. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту: оқу құралы / А.Ш. Аманжолова. – Алматы: Өлке, 2021. – 256 б.
2. Смагулова, Г.Ж. Мектепке дейінгі балалардың ұсақ моторикасын дамыту жолдары // Педагогика және психология. – 2020. – №3(44). – Б. 45–49.
3. Нұрғалиева, З.Б. Балалардың сөйлеу тілін дамытудағы саусақ ойындарының маңызы // Мектепке дейінгі білім. – 2019. – №5. – Б. 22–25.
4. Выготский, Л.С. Психология развития ребенка / Л.С. Выготский. – Москва: Айрис-пресс, 2018. – 320 с.
5. Смирнова, Е.О. Развитие мелкой моторики у дошкольников: метод. пособие / Е.О. Смирнова. – Санкт-Петербург: Питер, 2017. – 144 с.
6. Богуславская, А.Т. Сенсорное развитие детей: теория и практика / А.Т. Богуславская. – Москва: Академкнига, 2020. – 192 с.

Тулеева Бибигул Базарбаевна
Тәрбиеші, педагог-сарапшы
МКҚК №40 «Нұрлан» бөбекжай-бақшасы
Шымкент қаласы



ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ТЕЛЕФОН

(Музыка әуенімен балалар залға кіріп жартылай шеңбер болып тұрады.)

Жүргізуші: Жаңа жылдың таңы неткен арайлы.

Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды.

Жаңа жылмен құттықтаймын деген үн,

Қанаттана кең алқапқа тарайды.

Жүргізуші: Балалар қараңдаршы шыршаның түбінде не жатыр?

(Жүргізуші балалалармен шыршаның астынан телефон тауып алады)

Балалар бұл не телефон!

Ал енді осы телефонмен орман аңдарына телефон соғып, жаңа жылдық мерекеге шақырайық!

(Телефон шырылдайды)

Жүргізуші: Қызықты телефон көріп тұрмын мен мұнда.

Шақырамыз қонақтарды біз мұнда.

Тетікшені басайық

Кімді қарсы алайық?

(Жүргізуші телефонды алып тетігін басады)

Жүргізуші: Алло! Сәлем қоян аман ба?

Нұр берді шырша алаңға.

Келші биге басайық,

Жаңа жылды тойлайық.

Музыка әуенімен қоян шығады.

Қоян: Мен қоянмын, қоянмын,

Аппақ қарға бояндым.

Достар тағы келер деп,

Ертеменен ояндым.

Сикырлы қорапша бар менде,

Іші толған қызыққа!

(Қоян қорапшаны береді)

Жүргізуші: Қорапты біз ашайық, ішінде не барын табайық.

(Жүргізуші қорапты ашып ішіндегі сыйлықтарды балаларға көрсетеді)

Жүргізуші: Қоян сыйлығыңа рахмет! Біздің балалардың сенімен ойын ойнағысы келіп отыр.

Ойын: «Қояным»

Жүргізуші: Рахмет саған қоянжан,

Шын жүректен айтамыз.

Жаңа жылмен құттықтап,

Сәбізді сыйға тартамыз.

(Жүргізуші қоянға сәбіз сыйлайды. Қоян жүгіріп шығып кетеді)

Ән: «Шырша жыры»

Жүргізуші: Телефон соғамын,

Қонақтарды шақырамын.

Алло келе ғой бізге түлкіжан,

Жүрген жерің би мен ән.

Музыка әуенімен түлкі шығады.

Түлкі: Мен түлкімін түлкімін,

Тұнып тұрған күлкімін.

Бәрінде маған жетпейсің,

Алдымнан келсең өтпейсің.

Сиқырлы қорапша бар менде

Іші толған қызыққа!

Түлкі қорапты жүргізушіге береді.

Жүргізуші: Қорапты біз ашайық,

Ішінде не барын табайық.

(Жүргізуші қорапты ашып ішіндегі жылтырақ желпілдекті балаларға көрсетеді)

Жүргізуші: Бүлдірген беті бөбектің,

Қолында отыр жылтырақ.

Өздері жарқ-жұрқ күледі,

Жылтырақтай жалтылдап.

Кел билейік балақай жылтырақпен жалтылдап.

Би: «Ақшақарлар»

Жүргізуші: Рахмет саған түлкіжан,

Шын жүректен айтамыз.

Жаңа жылмен құттықтап,

Кәмпиті сыйға тартамыз.

(Жүргізуші түлкіге кәмпит сыйға тартады, түлкі жүгіріп шығып кетеді.)

Жүргізуші: Телефон соғамын

Қонақтарды шақырамын.

(Жүргізуші телефонды алып тетігін басады)

Жүргізуші: Алло! Сұр қасқырым келіңіз,

Ойын-ойнап беріңіз.

Қызығы мол жаңа жылдың,

Тамашасын көріңіз!

(Музыка әуенімен қасқыр шығады)

Қасқыр: Мен қасқырмын қасқырмын,

Қоянды бір састырдым.

Соғып алып түйені,

Соғым етем биені.

Сиқырлы қорапша бар менде,

Іші толған қызыққа!

(қасқыр қорапшаны жүргізушіге береді)

Жүргізуші: Қорапты біз ашайық,

Ішінде не барын табайық.

(жүргізуші қорапты ашып, ішіндегі қар ұлпаларын балаларға көрсетеді)

Жүргізуші: Қораптағы ақ ұлпа,

Ұқсап тұр бауырсаққа.

Жаңа жылдың тойында,

Жан салайық ойынға!

Ойын: «Қар ұлпалары»

Жүргізуші: рахмет саған қасқыр паң,

Шын жүректен айтамыз.
 Жаңа жылмен құттықтап,
 Бәлішті сыйға тартамыз.
 (жүргізуші қасқырға себетпен бәліштер сыйлайды, қасқыр шығып кетеді)

Жүргізуші: Балалар менде бір сұра,
 Жетпей тұр бізге қай қонақ?

Телефон шалайық,
 Қонаққа шақырайық.

Балалар: Аяз ата Ақшақар!
 (жүргізуші телефонды алып тетігін басады)

Жүргізуші: Алло Аяз ата біз сіздерді күтіп тырмыз, бізге қонаққа келіңіздерші.

Аяз ата: Келе жатырмын, келе жатырмын!

Амансыңда ма ұлдарым!
 Амансыңдар ма қыздарым!
 Сағынып жеттім сендерге,
 Көп жұмыстар атқардым.

Ақшақармен оралдым!
Ақшақар: Жаңа жыл, жаңа жыл

Жаңа жылда жаңа жыр.
 Жасыл шырша жанында,
 Билеп барлық бала жүр.
 Тамаша, тамаша,
 Шыршамыз тұр жараса,
 Басында әсем жұлдызы,
 Көз тоймайды қараса.

Мына жердегі шырша қандай әдемі! Бірақ неге шамдары сөніп тұр. Аяз ата қане балалармен бірге жағайықшы.

Аяз ата: Бір екі үш,
 Шырша шамы жана түс!

(шыршаның шамдары жарқырап жанады)

Жүргізуші: Аяз ата Ақшақар біздің балалардың жаттаған өлең шумақтарын тыңдап демалыңыздар.

Келді міне жаңа-жыл
 Қуантумен біздерді.
 Келіңдер келіңдер,
 Такпақ айтып беріңдер.
 Жомарт Аяз атадан
 Сыйлық алып көріңдер.
 Тамаша, тамаша,
 Шыршамыз тұр жараса.
 О алақай Аяз ата,
 Келе жатыр алыстан.
 Бізбен бірге ойнайды,
 Жаңа жылды тойлайды.
 Нұр жайнаған ажары,
 Сағындым Аяз атаны.
 Далада қар борайды,
 Ақ мамыққа орайды.

Жүргізуші: Шыршаға жақын келейік,
 Аяз атаға ән салып берейік.

Ән: «Жаңа жыл»

Ақшақар: Қызық думан бастаңдар,

Әсем кештің ажары,
Әсем бисіз кіреме,
Кіп -кішкентай Аяз аталар,
Көңілденіп билейді.

Би: «Аяз ата»

Жүргізуші: Балалар біздің қонақтармен қоштасайық. Бүгін сендер өз өнерлеріңді көрсеттіңдер. Осымен біздің мерекеміз аяқталды. Қош сау саламатта болыңыздар. Жаңа жыл құтты болсын!

Жакенова Жұпар Балмаханбетқызы
Тәрбиеші, педагог-модератор
МКҚК №40 «Нұрлан» бөбекжай-бақшасы
Шымкент қаласы



ОЙЫН ОРТАСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Мектепке дейінгі ұйымдарда тиімді ойын ортасын ұйымдастыру — балалардың қарым-қатынас дағдыларын дамытудағы алғашқы және маңызды қадамдардың бірі. Жақсы ұйымдастырылған ойын ортасы баланың еркін әрекет етуіне, өзін қауіпсіз сезінуіне, өз ойын білдіруіне және құрдастарымен өзара қарым-қатынасқа белсенді қатысуына жағдай жасайды. Мұндай орта бала үшін шабыттандыратын, қызықты, әрі әрекетке ынталандыратын кеңістік болуы керек.

Ойын ортасы бала дамуының барлық салаларын қамтып, олардың эмоционалдық жай-күйін ескеріп, әрекетке тартатын материалдармен жабдықталған жағдайда ғана толыққанды тәрбие құралына айналады. Мұндай ортада бала:

- шығармашылыққа еркін араласады;
- өз ойын сөзбен білдіруге ұмтылады;
- топтағы басқа балалармен ынтымақтасып, рөлдер бөлісіп, келіссөз жүргізеді;
- эмоционалдық жағдайын реттеп, рөл арқылы өзін-өзі танытады.

Баланың сенімді қарым-қатынас орнатуы үшін оның ойынына кедергі келтірмейтін, еркін қимылдауына және өз бастамасын білдіруіне жағдай жасайтын кеңістік қажет. Әсіресе сөйлеуге бағытталған рөлдік аймақтар (мысалы, "Дүкен", "Дәрігер", "Қонаққа бару", "Мектеп") баланың нақты жағдаяттарды сөзбен бейнелеуіне мүмкіндік береді.

Сонымен қатар ойын ортасы балада тек танымдық белсенділік қана емес, сонымен бірге тілдік, әлеуметтік және эмоционалдық зиятты дамытуға бағытталуы тиіс. Ол үшін:

- әртүрлі тақырыптағы рөлдік бұрыштар;
- эмоцияны тануға арналған көрнекіліктер;
- диалог құруға арналған сұрақ үлгілері;
- көркем әдебиет бұрышы;
- естіп, тыңдауға арналған аудиоматериалдар мен бейнежазбалар;

- тіл дамытуға арналған ойыншықтар мен муляждар қажет.

Педагогтің міндеті – осы ортаны тек эстетикалық әрі мазмұнды етіп құру ғана емес, оны үнемі баланың қызығушылығына сай түрлендіріп, мазмұндық және қарым-қатынастық тұрғыдан белсенді ортаға айналдыру. Педагог ойын кеңістігін бақылап, оны тіл дамыту және қарым-қатынасқа тарту үшін тиімді құрал ретінде пайдалануы қажет.

Ойын ортасының негізгі талаптары:

1. Қолжетімділік пен ашықтық:

Балалар өз бетінше таңдай алатындай, құралдар мен ойыншықтар еркін орналасуы тиіс. Бұл баланың дербестік сезімін дамытып, ынтасын арттырады.

2. Тақырыптық аймақтар:

Тілдік қарым-қатынасты дамытуға бағытталған әртүрлі бұрыштар ұйымдастырылуы қажет:

- «Сюжеттік-рөлдік ойындар» бұрышы (дүкен, емхана, асхана, үй т.б.);
- «Кітап оқу және әңгімелеу» бұрышы;
- «Қуыршақ театры» немесе драмалық сахна бұрышы;
- «Көркемдік іс-әрекет» аймағы (бейнелеу құралдары, мүсіндеу т.б.).

3. Тілдік және рөлдік материалдармен жабдықтау:

Ойын аймақтары нақты жағдаятқа сай заттармен (атрибуттармен) қамтамасыз етілуі керек:

- рөлдік киімдер (дәрігер, аспаз, тәртіп сақшысы т.б.);
- тілдік карточкалар, сұрақтар үлгілері;
- эмоцияны білдіретін бет-әлпет суреттері;
- дыбысталатын ойыншықтар, аудиожазбалар.

4. Ыңғайлылық пен қауіпсіздік:

Бала өзін физикалық және эмоционалдық тұрғыдан қауіпсіз сезінуі үшін, ойын бұрыштары жұмсақ, жарық жақсы түсетін, тар емес, шу деңгейі төмен жерде орналасуы қажет.

5. Ойын материалының жаңартылып тұруы:

Баланың қызығушылығы мен белсенділігін сақтау үшін, ойын материалдары мезгіл-мезгіл өзгеріп, жаңа сюжеттер мен кейіпкерлер ұсынылып отыруы керек.

Педагогтің рөлі:

- Балалардың қызығушылығын зерттеу, ойынға қажетті материалдарды іріктеу;
- Балаларды топтастыра отырып, әр рөлге бағыт беру;
- Қарым-қатынас орнауына, тілдесудің басталуына жеңіл жағдаяттар құру;
- Ойын барысында араласа отырып, тілдік үлгілер ұсыну;
- Ойын соңында балалармен бірге талдау жүргізіп, ойыннан алған әсерлерін бөлісу.

Осылайша, ойын ортасын сауатты ұйымдастыру — баланың тілдік және әлеуметтік дамуын қолдаудың табиғи, мазмұнды әрі тиімді жолы. Бұл ортада бала тек ойнап қана қоймай, сөйлеп үйренеді, қарым-қатынас жасайды, тұлғалық қасиеттерін дамытады.

Коммуникативтік белсенділікті ынталандыру жолдары

Мектепке дейінгі балалардың тілдік қарым-қатынасқа белсенді араласуы – олардың сөйлеу тілінің, ойлау қабілетінің, әлеуметтік бейімделуінің және тұлғалық дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі. Коммуникативтік белсенділік дегеніміз – баланың қоршаған ортамен еркін, мағыналы және өз бетінше тілдесуге, пікір айтуға, сұрақ қоюға, жауап беруге, ой бөлісуге және түсінуге талпынысы. Бұл — қарым-қатынас жасауға деген ішкі ниеттің, сенімнің және қажеттіліктің көрінісі.

Коммуникативтік белсенділік баланың жалпы дамуы мен болашақта әлеуметтік ортада еркін қарым-қатынас орнатуына, оқу мен өмірлік жағдайларда табысты бейімделуіне негіз болады. Балаларда бұл белсенділікті қалыптастыру мен дамыту кездейсоқ немесе өздігінен жүрмейді. Ол педагогтің арнайы ұйымдастырылған жағдаяттары, тілдік жағдай туғызатын ойындар мен тапсырмалары, мадақтаушы қолдауы және сенімді қарым-қатынасы арқылы жүзеге асады.

Мұндай белсенділікті дамыту үшін:

- баланың сөйлеуге деген еркіндігі мен ынтасын баспай, қолдау көрсету;
- әр баланың пікірін тыңдап, маңыздылығын сезіндіру;
- сөйлеуге мәжбүрлемей, қызықты жағдай тудыру;
- әртүрлі эмоциялық және жағдаяттық тәсілдермен сөйлеуге жетелеу;
- топтық іс-әрекетте балаларды бір-бірімен сөйлесуге ынталандыру қажет.

Коммуникативтік белсенділікті арттырудың тиімді жолдары:

1. Сұрақ-жауап әдісін жүйелі қолдану

- Ашық сұрақтар (иә/жоқ емес, кеңейтілген жауап талап ететін);
- Қызығушылық тудыратын сұрақтар («Сен қалай ойлайсың?», «Саған не ұнады?»);
- Кері байланыс арқылы баланың пікірін тыңдау.

2. Диалог және пікір алмасуға негізделген әрекеттер

- Бірге кітап оқу және талдау;
- Сюжеттік суреттер бойынша әңгіме құрау;
- Күнделікті жағдаяттар негізінде рөлдік диалог құру (мысалы: дәріханада, дүкенде, автобуста т.б.).

3. Сөйлеу бастамасына қолдау көрсету

- Бала ойын толық жеткізе алмаса да, оны тыңдап, түзетпей, түсіністікпен қолдау;
- Жауабын кеңейтуге бағыттайтын сұрақтар қою;
- «Сенің ойың маңызды» деген қатынас орнату.

4. Эмоциялық қолайлы орта қалыптастыру

- Баланың ұялмай сөйлеуіне мүмкіндік беру;
- Топтағы басқа балалардың сөзіне құрметпен қарау;
- Қателік жасаудан қорықпау ортасын құру.

5. Коммуникативтік ойындарды енгізу

- «Телефон арқылы сөйлесейік», «Саяхатқа шығайық», «Қонаққа барамыз» сияқты рөлдік ойындар;
- Қимылды және сөз тіркесіне негізделген ойындар («Кім қалай сөйлейді?», «Мен не айтып тұрмын?»);
- Эмоцияға негізделген ойындар («Мен не сезіп тұрмын?»).

6. Сөйлеуді қажет ететін жағдаяттар құру

- Қажетті ақпаратты тек сұрау арқылы алуға болатын тапсырмалар (мысалы: кімде қандай ойыншық бар екенін білу үшін сұрақ қою);
- Топтық тапсырмалар мен бірлескен әңгіме құрау жұмыстары.

Педагогке арналған ескерту:

- Баланың сөйлеуіне араласып кетпеу;
- Қате сөйлеуін түзетпей, дұрыс нұсқаны үлгі ретінде ұсыну;
- Қысқа, нақты, қарапайым сөйлеу үлгілерін көрсету;
- Баланың айтқанын тыңдау және оны жалғастыруға ынталандыру.

Коммуникативтік белсенділікті қолдау — тек баланың тілін дамыту ғана емес, оның ішкі әлеуетін ашуға, өзін еркін танытуға, пікірін білдіруге, қоршаған ортамен сауатты әрі сенімді байланыс орнатуға мүмкіндік беру. Бұл — баланың толыққанды тұлға ретінде қалыптасуының іргетасы. Педагог бұл үдерісте бағыттаушы, қолдаушы және тілдік қатынасқа қызығушылық тудырушы тұлға ретінде әрекет етуі тиіс.

Исмайлова Молдир Амировна
Тәрбиеші, педагог-сарапшы
МКҚК №40 «Нұрлан» бөбекжай-бақшасы
Шымкент қаласы



«КҮЗГІ БАҚҚА САЯХАТ»

Ұйымдастырылған іс-әрекет түрі:

Қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, математика негіздері, жапсыру ӨТШТ әдісі

Мақсаты: Балаларға жылдың күз мезгілі туралы түсінік беру. Күздің ерекшеліктерімен таныстыру

Бақшамызда өсетін ағаштар жапырақтарын танып атай білуге үйрету .

Табиғат байлығын қорғауға оны аялай білу дағдысын дамыту .Шығармашылық қабілеттерін дамыту

Методикалық әдіс: Түсіндіру ,бақылау, сұрақ-жауап

Көрнекіліктер:Күзгі бақ суреті,жемістер,көкөністер т.б қажетті заттар.

Ұйымдастыру сәтті.

Тәрбиеші: Қарандаршы балалар, айналамыз қандай тамаша. Осы тобымызға шуағын төгіп нұр беріп тұрған күнге қарайықшы. Сол күннен жылу алып,алған жылулығымызды бір-бірімізге берейік.

Балалар: Армысың алтын күн!

Армысың жер ана!

Армысың жан досым!

Міне менің қолым.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар ,Отанның болашағы сендерсіңдер.

Тәрбиеші: Балалар айналамызды не қоршап тұр?

Балалар: Табиғат қоршап тұр.

Тәрбиеші: Табиғатты көзбен көру үшін серуенге шығайық .

Орнымыздан тұрып жүгіреді, кішкентай балалар әнімізбен көңілді барайық.

Балалар: Әнді қимылмен айтып ,күзгі баққа келді.

Тәрбиеші: Міне күзгі баққа да келдік.

Қарандаршы қандай керемет

Сап-сары алтындай

Бәрі:Бір жылда неше мезгіл бар?

Б-р: Төрт мезгіл бар қыс,көктем,жаз,күз.

Тәрбиеші: Күз айларын атаңдар.

Балалар: Қыркүйек, Қазан, Қараша

Тәрбиеші: Қазір қай ай?

Балалар: Қыркүйек.

Тәрбиеші: Балалар күздің қандай ерекшеліктері болады?.

Балалар: Күзде ауа-райы салқын болады,жаңбыр жауады.Алғашқы жапырақтары сарғайып жерге түседі. Егін алқап жиналады.Құстар жылы жаққа ұшып кетеді.

Тәрбиеші: Ағаштар туралы тіл ұзарту жаттығуын айтайық.

Балалар: Бетімізге жел жетеді

Ағаштары тербеледі

Кіп-кішкентай ағашқа

Су құйсақ өседі

(балалар қимылмен орындайды)

Тәрбиеші: Жоғарыға қарандаршы құстар ұшып барады.Қандай құстар екен?

Балалар :Қарлығаш,тырна.

Тәрбиеші:Қарлығаш құсына арналған саусақ жаттығуын жасайық

Он саусағымызды ашып , бас бармақ бармағымызды бір-біріне қосып ұшайық.

Балалар:Саусақ жаттығуын орындайды .

Тырна саусақ және тіл ұзарту жаттығу

Тырна қандай пішінге ұқсап ұшады?

Балалар:үш бұрышқа ұқсап қиру- қыру -құру деп ұшады.

Тәрбиеші: Ағаштағы жапырақтарға қарандаршы түстері қандай екен?.

Балалар:сары,қызыл,жасыл,қызыл сары.

Тәрбиеші:ағаштардан не жасауға болады ?

Балалар: Жиһаз

Тәрбиеші:Біздің тобымызда жиһаздарды атаңдаршы.

Балалар:орындық,үстел,кереуерт,сүре, т.б.

Тәрбиеші:Балалар ӨТШТ әдісі бойынша жапырақтар салайық.

Ақ қағаздан дайын жапырақ пішініне түрлі түсті бояуларды тамызып, пакет қапшыққа салып ,сабағын сыртында қалдырып аузын жабамыз.қапшықтың сыртынан саусақ қимылдарымен бояп шығады.боялған жапыртарын қапшықтан шығарады.

Балалар:тапсырманы орындайды .

Тәрбиеші: Балаларға екі-екіден жапырақ үлестіріп ,кеңістікті бағдарлайық

Балалар: Оң-сол, алға-артқа-жоғары -төмен.

Тәрбиеші:жапырақтар туралы тақпақ айтайық.

Балалар: Алтын сары қызыл көк,

Алуан-алуан жапырақ.

Ағаштардан жамырап

Ұшты кенет жапырақ.

Балалар:жапырақтарды жерге шашады, үстінде бағдар бойынша оңға,солға аунайды

Тәрбиеші: Орнымыздан тұрып үстімізді қағып,жапырақтарды жұптарымен жинаймыз..

Балалар қарандаршы жапырақтардың да пішінері әр-түрлі болады екен. Алған жапырақтарыңды атаңдар.

Балалар:терек үйеңкі, қараған,ақ қайың,алма ағашы.

Тәрбиеші:әр ағаштын жапырағын қойып шығындар

Самал желдің пішініне түрлі түсті жапырақты жапсыру.

Балалар: тапсырманы орындайды.

Күтілетін нәтиже:

Айта алады:Күз мезгілінің алғашқы ерекшеліктерін .

Түсінеді:Күз мезгіліндегі құбылыстарды.

Қолданады:Күз мезгіліне байланысты берілген тапсырмаларды өз бетінше орындайды.

Пантюхина Елена Николаевна
 Воспитатель, педагог-эксперт
 ГККП ясли сад №40 "Нурлан"
 г. Шымкент



Игра-викторина с родителями на тему:

"ПРОФЕССИИ"

Возраст: 5–6 лет

Участники: дети, родители, воспитатель

Цели:

Познакомить детей с разнообразием профессий и их значимостью.

Формировать уважение к труду взрослых.

Развивать речь, воображение и творческие способности.

Укреплять взаимодействие семьи и детского сада.

Ход занятия

1. Организационный момент (3–5 мин)

Воспитатель приветствует детей и родителей.

Игра-приветствие «Передай улыбку» — дети и родители в кругу улыбаются друг другу.

2. Беседа «Все профессии важны» (5 мин)

Воспитатель показывает картинки с профессиями (врач, строитель, учитель, повар, водитель, пожарный, фермер и др.).

Вопросы детям:

Кто чем занимается?

Зачем нужна эта профессия?

Родители могут дополнить рассказ короткими примерами из своей работы.

3. Пословицы о труде (3 мин)

Воспитатель загадывает детям и родителям: «Дело мастера боится»

«Труд кормит, а лень портит»

«Без труда не вытащишь и рыбку из пруда»

(дети вместе с родителями обсуждают смысл пословиц).

4. Дидактическая игра «Угадай профессию» (5 мин)

Воспитатель читает описание профессии или показывает атрибут (например, молоток, книга, кастрюля, фонендоскоп). Дети угадывают профессию. Родители помогают подсказками.

5. Мастер-классы с родителями (15–20 мин)

Йога для детей (родитель-инструктор показывает простые упражнения).



Приготовление бутербродов (совместная работа детей и родителей).



Чтение стихов о профессиях (родители читают вместе с детьми).



Рисование на футболках (каждый выбирает профессию и рисует её символ).

6. Творческая работа «Плакат о профессиях» (10 мин)

Дети с родителями приклеивают картинки профессий на большой ватман, подписывают.

Получается общий плакат «Все профессии важны».



7. Итог занятия (5 мин)



Воспитатель подводит итог: каждая профессия важна, все люди помогают друг другу.

Рефлексия: «Кем я хочу стать, когда вырасту?» (дети отвечают).
Общее фото у плаката

Жазықбаева Жамила Азатбайқызы
Тәрбиеші, педагог
МКҚК №40 «Нұрлан» бөбекжай-бақшасы
Шымкент қаласы



ҚҰСТАР

Ұйымдастырылған іс-әрекет

Мақсаты: балаларға құстар туралы түсінік беру, сөздік қорларын дамыту, құстарға қамқор болуға тәрбиелеу

Міндеті: Құстар , құстардың , қоректенуі, мекен ету ортасы сөздерімен толықтыру.(тіл дамыту)

Шеңбер құру арқылы дене қозғалысына түсу.Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өзбетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. (**дене тәрбиесі**)
Заттар,олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну.
Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау,олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.(**қоршаған әлеммен таныстыру**)

Қолданылатын көрнекі-құралдар: суреттер, қарындаштар, нақыл сөздер, өлең шумақтары, бейнебаян, мақал-мәтелдер

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: түсіндіру,сұрақ-жауап, ойын

Іс-әрекет барысы:

I.Кіріспе бөлім

Сәлеметсіздер ме, балалар.

Балалар, жоғары жақты көрсетеміз?

Төмен жағымызда не орналасқан?

Оң жағымызда кім тұр?

Сол жағымызда не тұр?

Амандасады, сұрақтарға жауап береді

Тәрбиеші: Балалар не байқадыңдар?

Бұл ненің суреті?

Балалар: Құстардың суреттері

Тәрбиеші: — Жарайсыңдар балалар! Бұл суреттер емес, бұл суреттерде, сендерге арналған қызықты ойындар әзірленген. Ойнауға дайынсыңдарма? Олай болса осы суреттерді аша отырып, ойын шартын тыңдап алайық

Балалар: Иә, жарайды.

1-Ойын: «Ойлан, тап!» ойыны. Жұмбақ шешу

Ұшқаны қызық жалпылдап,

Өзі сондай қарқылдақ. Ол не? (қарға)

Шарлап келіп даланы,

Үйіме, үйін салады. Ол не? (Қарлығаш)

Бағыты: Танымдық-зияткерлік дағдысын дамыту

Шарты: тәрбиеші жұмбақтарды оқиды, балалар жұмбақты шешеді, құстар туралы әңгімелейді, әр жауап берген балаға құстардың суреттері таратылады, ең көп жинаған бала жеңіске жетеді.

Тәрбиеші: Келесі қандай ойын екенін білу үшін суреттерді ала отырып, ойын шартын біліп алайық

2-Ойын:«Сен білесің бе?» суретпен жұмыс



Құстарды ата.

Бағыт:балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс- әрекетін дамыту

Шарты: Әр топтың алдына сурет беріледі ,балалар осы суреттерден құстардың түрін атайды. Көп құстың атын тапқан топ жеңіске жетеді.

Тәрбиеші: Келесі қандай ойын екенін білу үшін суреттерді ала отырып, ойын шартын біліп алайық

3-Ойын:«Мен білемін»

– Балалар, сендер қандай құстарды білесіңдер?

– Құстар не істей алады?

- Қалай ойлайсыңдар, құстардың денесі ауыр ма әлде жеңіл ме?
- Құстарға ұшу үшін не қажет?
- «Жыл құстары» деген қандай құстар?
- Дала құстарына не жатады?
- Неге дала құстары дейміз?

Бағыт: Физикалық қасиеттерді , шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс- әрекетін дамыту. Қимылды ойын «Жыл құстары»

Шарты: Балалар дала құстары екіге бөлінеді. Қыстап қалатын құстар, оларға: торғай, сауысқан, қарға, кептер және т/б. Олар аязға төзімді болып келеді. Олар аштыққа шыдымайды. Жылыжаққа ұшып кететін құстарды «Жыл құстары» дейміз. Оларға: қарлығаш, ұзақ, қарға, қараторғай, аққу және т/б.

Тәрбиеші: Келесі қандай ойын екенін білу үшін суреттерді ала отырып, ойын шартын біліп алайық

4-Ойын: «Сипаттап бер» әдісі (тіл дамыту)

- Қарға қандай?
- Түсі қандай?
- Қарға немен қоректенеді?
- Денесінде не бар?
- Қарға қалай дыбыстайды?

Бағыт: шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс- әрекетін дамыту

Шарты: Әр баланың алдына сурет беріледі ,балалар осы құстардың суреттері туралы сипаттап береді. Жаксы, дұрыс сипаттаған бала жеңіске жетеді.

Тәрбиеші: Келесі қандай ойын екенін білу үшін суреттерді ала отырып, ойын шартын біліп алайық

5-Ойын: «Қайсысы артық? Неге?»



Бағыт: Танымдық зияткерлік дағдыларын дамыту

Шарты: Тақтаға жыл құстарын, қыстап қалатын құстарды ілу. Суреттер арасынан артық құстарды тауып, не үшін артық екенін айтады.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар!

Бүгін барлықтарың ойынға белсене қатыстындар. Іс-әрекетімізді аяқтаймыз, көңілді ойындарымызды еркін ойын аймақтарында жалғастырамыз

Отенбаева Лаура Ибадуллаевна
Тәрбиеші, педагог-модератор
МКҚК №40 «Нұрлан» бөбекжай-бақшасы
Шымкент қаласы



«АНАЛАР МЕКТЕБІ» БАЛАБАҚШАДА

Жас ұрпақ тәрбиесі - адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ұлттық тәрбиенің негізі балаға ана тілімен ана сүтімен, бесік жырының әлдиімен беріледі. Ал балабақшада балаға әр бүлдіршіннің тілге, білімге деген жеке дара бейімділігімен қызығушылығын дамыта отырып, ойлау қабілеттері мен танымдық қабілеттіліктерін қалыптастырады. Балабақша мен ата-ана ынтымақтастығы бірін-бірі қос өзеннің сағасындай толықтырады десек те болады.

Ата-ана сұранысы мен талап-тілектерін қанағаттандыра отырып, біліммен тәрбиенің балаға берілген үрдісі жайында ата-анамен үнемі бірлескен ынтымақты негізінде жұмыс жасау керек.

Бала тәрбиесі отбасынан басталып, балабақшадан жалғасын табады. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан бала бойынан жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни, адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікте тәрбиелеуде отбасы мен балабақша шешуші рөл атқарады.

Балабақшаның ата-аналармен жұмысын ұйымдастыру форматтары әртүрлі болуы мүмкін, жұмыстың бұл формалары мен әдістерінің барлығы педагогтық тұрғыдан негізделгендігі және ынтымақтастық пен өзара іс-әрекеттің біртұтас жүйесінде бірін-бірі толықтырып отыруы қажет.

Ата-аналармен жұмыс мазмұны:

1. Ата-аналармен педагогикалық, психологиялық білімдерін көтеру
2. Ата-аналарды оқу-тәрбие жұмыстардына қатыстыру
3. Балабақша әкімшілігімен бірлескен жұмыстар

Бұл жұмыстар балабақша өмірін жандандыра дамыта түсетіні анық, ол іс-шараларды тәрбиенің мына қырларынан көруге болады:

1. Салауатты өмір салтын қалыптастыру
2. Әкелер мектебін құру
3. Аналар мектебін құру
4. Әжелер мектебі құру
5. Бауырлар мектебін құру.

1. Негізгі бөлім

«Аналар мектебін» құрудың мақсаты:

- Отбасылық құндылықтарды дәріптеу;
- Ұлттық құндылықтарды насихаттау;
- Болашақ ұрпақты тәрбиелеуде аналарға әлеуметтік қолдау көрсету.

- Аналарды белсенді түрде бақша өміріне қатыстырып, байланысын нығайту;
- Балалардың мінез-құлқы, бейімі, қызығушылығы, мүмкіншілігін тереңірек зерттеу;
- Ата-ана --- бала --- тәрбиеші үштігі арасында өзара сенім мен сыйластық орнауына

ықпал ету;

«Аналар мектебінің» жұмыс жоспарын құруда негізгі міндеттерді есте сақтау қажет:

1. «Аналар мектебінің» құрамын құру, зерттеу.
2. Аналармен тұрақты байланысып отыру.
3. Балалардың аналардың өміріндегі рөлі туралы білімдерін тереңдету.
4. Аналармен педагогикалық білім дәрежесі мен мәдениетін үнемі арттырып отыру.
5. Балабақша мен Тәрбиеші жұмысына қолдау көрсету.

«Аналар мектебі» өз қызметінде нені басшылыққа алады?

- Қазақстан Республикасының Конституциясын
- «Білім туралы» Заңын
- Бала құқықтары туралы Конвенциясын;
- Жас ұрпақты тәрбиелеу қызметіне қатысты және ата- аналардың ролін арттыру

жөніндегі өзге де нормативтік заңнамалық құжаттарды

басшылыққа алады.

Жоба түрі:

1. ақпараттық
2. тәжірибеге бағытталған
3. ұжымдық
4. ұзақ мерзімді.

Жобаның жоспары кезең-кезеңімен жүзеге асырылады:

1-ші кезең – дайындық (ақпараттық- аналитикалық)

Міндеттері: Ата-аналардың тәрбиелік қажеттіліктерін және олардың баланы тәрбиелеу мен оқытудағы құзыреттілік деңгейлерін анықтау. Отбасы мүшелерімен байланыс орнату.

2-ші кезең – негізгі (практикалық)

Міндеттері: Әдістемелік іс-шаралар жүйесін әзірлеу және сынақтан өткізу, үшін балаларды тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналар.

3-ші кезең – қорытынды (бақылау-диагностикалық)

Міндеттері: Ата-аналармен жұмыстың тиімділігін талдау.

Іске асыру мерзімі: Қыркүйектен мамырға дейін.

2.2. «АНАЛАР МЕКТЕБІНІН» ҚЫЗМЕТІ

1. Балабақшадағы тәрбие жұмыстарына белсене араласу.

Аналар білімді және дені сау ұрпақты тәрбиелеуде балабақша педагогтарымен бірге іс-шараларға қатысады. Аналарға арнайы шақыру қағазын жіберіп, тәрбиеленушілерді қолдау мақсатында тәрбие жұмыстары бірге атқарады. Олар:

- Мерекелік даталы күндерге арналған тәрбие сағаттары
- Спорттық жарыстар /дене шынықтыру нұсқаушысымен бірге/
- Отбасылық сайыстар /тәрбиешілермен бірге/

2. Аналардан құралған әр бағытта үйірме жұмыстарын жүргізу.

- Мәнерлеп оқу, тақпақтар жаттау /Логопед маманмен бірге/
- Би , ән айту үйірмесі /саз жетекшісімен бірге/
- Шығармашылық, қолөнер үйірмелер /тәрбиешілермен бірге/
- Арт-терапия түрлері: музыка терапиясы, ертегі терапиясы, құм терапиясы /педагог психолог, тәрбиешімен бірге/

3. Балабақшада ұл тәрбиеші мен қыз балалардың тәрбиелік орталықтар ашу.

- «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер»
- «Қыз еркем»
- «Жігітке жеті өнер де аз» т.б. тақырыптарда байқаулар ұйымдастырады /ата-аналармен бірге/

4. Ұлттық құндылықтарды насихаттайтын іс-шаралар ұйымдастыру.

- Ұлттық ойындар: асық ату, бестемше, бес тас, хан талапай, тоғызқұмалақ, қыз қуу, теңге ілу /ұлдар/
- Он саусағы майысып, шебер қолдар: жүн түту, кесте тігу, құрақ құрау, тоқыма тоқу/қыздар/
- Салт-дәстүрлер: бесікке салу, тұсау кесу, т.б.

5. Атаулы күндерге арналған іс-шараларға белсене қатысу, оған ата-аналарды жұмылдыру:

- «Біз бақытты отбасы»
- «Әкем, анам және мен»
- «Мерейлі отбасы»
- «Отбасым – бақыт мекенім»
- «Отаным-отбасым»
- «Таза Қазақстан»
- «Жас экологтар»

атты тақырыптардағы іс-шаралар арқылы адамгершілік, құқықтық, экологиялық тәрбие беру, кеңестер өткізу.

6. Аналар арасында дөңгелек үстел, вебинарлар өткізу:

- «Отбасы-бала-балабақша»
- «Бала өмірінің қауіпсіздігі»
- «Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі»
- «Денсаулығы баланың-қуанышы ананың»
- «Бала-отбасының айнасы»

Тағы да басқа да тақырыптарда тәрбиеші, медбикемен бірге өткізу ұсынылады.

«Аналар мектебінің» миссиясы: Жоғарыда аталған іс-шаралардың нәтижесінде - ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, балабақшаға деген сенімдерін, педагог-тәрбитешілерге деген құрметтерін арттыру.

2.3. «Аналар мектебінің» тиімділігі неде?

Бала өмірінде маңызды рөл атқаратын - АНА. Мектеп жасына дейінгі бала мен ана арасындағы қарым-қатынасты дамыту - баланың жеке басының дамуы үшін үлкен маңызға ие, «Аналар мектебінің» тиімділігі де міне осында:

- ата-аналардың қалыптасуында педагогикалық мәдениетті арттыру.
- ата-аналардың өз баласын тәрбиелеу мен оқыту мәселелері бойынша жеке сұраныстарын қанағаттандыру.
- ата-аналардың топ өміріне қатысуы.
- аналардың баланы тәрбиелеу мен оқытудағы құзыреттілік деңгейі едәуір жақсаруы.
- ата-аналардың педагогикалық әлеуеті жандануы.

